

Білім туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 7 маусым N 389. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 320 Заңымен.

Ескерту. Заңның күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 (қолданысқа енгізілу тәртібін 68-баптан қараңыз) Заңымен.

Осы Заң білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, осы аядағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін белгілейді және Қазақстан Республикасы азаматтарының білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге
б а ғ ы т т а л ғ а н .

Ескерту. Мәтін бойынша "орталық атқарушы органдары", "орталық атқарушы органдар", "орталық атқарушы органдардың" деген сөздер тиісінше "орталық атқарушы органы", "орталық атқарушы орган", "орталық атқарушы органның" деген сөздермен ауыстырылды - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен .

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) адъюнктура - әскери оқу орындарында біліктілігі жоғары ғылыми-педагог кадрлар даярлау нысаны;

2) академия - жоғары кәсіптік білім мен жоғары оқу орнынан кейін кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын; өндірістік, ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметтің белгілі бір саласы үшін жоғары кәсіптік білімі бар мамандар даярлауды, қайта даярлауды және (немесе) олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын; ғылымның немесе мәдениеттің көбінесе бір саласында ғылыми зерттеулерді орындайтын жоғары оқу орны;

2-1) білім беру ұйымдарын аккредитациялау - кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік жоғары білім берудің білім бағдарламаларын іске асыратын ұйымдардың мәртебесін білім бағдарламаларының тізбесін белгілей отырып, олардың үлгісі (жоғары оқу орны) мен түріне қарай (институт, академия, университет) мемлекеттің тануы (кезекті мерзімге растауы). Бұл ұйымдардың бітірушілерге аталған бағдарламалар бойынша білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттар беруге құқығы бар;

3) аспирантура, докторантура - оқу орындары мен ғылыми мекемелерде біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлау нысаны;

3-1) ассистентура-тағылымдама - өнер оқу орындарында жоғары білікті ғылыми-педагог кадрлар даярлау нысаны;

4) білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау - тиісті білім беру деңгейінде олар көрсететін білім беру қызметінің мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатымен жүргізілетін рәсім; <*>

4-1) педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау - педагогикалық қызметкердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтау мақсатымен жүргізілетін рәсім;

5) бакалавр, магистр - жоғары кәсіптік білімнің тиісті білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін академиялық дәреже; <*>

6) гимназия - негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын, оқушыларды олардың бейімділігі мен қабілетіне сәйкес тереңдетіп, салаға бөліп, саралап оқытуды көздейтін, жалпы орта білім беретін оқу орны;

6-1) мемлекеттік атаулы стипендия - Қазақстан Республикасының Президенті және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын стипендия;

7) мемлекеттік білім беру тапсырысы - мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыру; кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орындарынан кейін кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру қызметін сатып алу; конкурстық негізде мемлекеттік білім беру гранттары мен кредиттерін беру арқылы іске асырылатын, тиісті мемлекеттік органдар белгілейтін білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау жоспары;

8) мемлекеттік білім беру кәсіпорны - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Ұлттық Банкі не жергілікті атқарушы орган құратын ұйым;

9) мемлекеттік білім беру мекемесі - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылатын білім беру мекемесі;

10) девианттық мінез-құлық - балалар мен жасөспірімдердің әкімшілік жазалау шараларын қолдануға әкеп соғатын құқық бұзушылықтарды үнемі жасауы, оқудан, жұмыстан қасақана жалтаруы, отбасынан немесе балаларды оқыту-тәрбиелеу ұйымдарынан үнемі кетіп қалуы, сондай-ақ олардың қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын қылмыс белгілері бар, қоғамға қауіпті әрекеттер жасауы;

11) дистанциялық оқыту (алыстан білім беру) - оқыту нысандарының бірі, электрондық және телекоммуникациялық құралдар арқылы білім беру ұйымдарынан алыста орналасқан адамдардың оқу-танымдық қызметі мен дамуына нысаналы және әдістемелі түрде ұйымдастырылған басшылық жасау;

12) қосымша білім беру - азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің білімге деген қажеттерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатымен барлық деңгейдегі қосымша білім беру бағдарламаларының негізінде жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен

о қ ы т у

п р о ц е с і ;

13) доцент, профессор:

тиісті жоғары оқу орны беретін академиялық атақ;

жоғары оқу орнының немесе ғылыми-зерттеу ұйымының өтініші бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік аттестаттау органы беретін ғылыми а т а қ ;

14) рухани (діни) білім беру ұйымдары - дін қызметкерлерін даярлаудың кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындары;

14-1) бірыңғай ұлттық тестілеу - кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарына қабылдау емтихандарымен біріктірілген жалпы орта білім беретін оқу орындарында жоғары сатыда білім алушыларды қорытынды мемлекеттік аттестаттау нысандарының бірі;

15) жеке педагогикалық қызмет - жеке нысанда білім беру қызметін көрсетуге б а ғ ы т т а л ғ а н қ ы з м е т ;

16) институт - кәсіптік жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және қолданбалы сипаттағы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ж о ғ а р ы о қ у о р н ы ;

17) интернаттық ұйымдар - белгілі бір санаттағы азаматтардың жатын орын беріле отырып, білім алу құқығына мемлекеттік кепілдікті қамтамасыз ететін орта білім беру жүйесінің ұйымдары;

18) интернатура - медициналық жоғары оқу орындарының студенттерін нақты мамандық бойынша бір жылдық даярлау нысаны;

19) білім алушыларды қорытынды мемлекеттік аттестаттау - олардың тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы міндетті стандартын меңгеру дәрежесін анықтау мақсатымен жүргізілетін рәсім;

19-1) атаулы стипендия - тиісті білім беру бағдарламаларын ойдағыдай меңгерген, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданатын, оқу орнының қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсене қатысатын неғұрлым қабілетті білім алушыларды көтермелеу үшін жеке немесе заңды тұлғалар тағайындайтын с т и п е н д и я ;

20) біліктілік - бітірушінің білімі туралы құжатында көрсетілген кәсіптік қызметті орындауға немесе білімін жалғастыруға деген кәсіби даярлығының түрі м е н д ә р е ж е с і ;

20-1) қабылдау квотасы - I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар, ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар мен Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарды, сондай-ақ жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беретін білім беру ұйымдарына қабылдау үшін бөлінетін білім беру гранттары мен кредиттерінің шекті саны; <*

>

21) колледж - орта кәсіптік білімі бар мамандар даярлаудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны;

21-1) кешенді тестілеу - ақпараттық технологияларды қолдану арқылы бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде өткізілетін емтихан нысаны;

22) лицей - негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын, оқушыларды кәсіби бағдарлап оқытуды жүзеге асыратын жалпы орта білім беретін оқу орны;

23) шағын жинақталған мектеп - сынып-жинақтамалары аралас және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар, оқушылар саны шағын жалпы білім беретін мектеп;

23-1) "Болашақ" халықаралық стипендиясы - Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелдік жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында оқыту үшін Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын стипендия;

24) білім туралы құжаттарды нострификациялау - басқа мемлекеттерде, халықаралық немесе Қазақстан Республикасында құрылған шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған азаматтарға берілген құжаттардың баламалылығын анықтау мақсатымен жүргізілетін рәсім;

25) білім беру - қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту процесі;

26) білім беру гранты - білім алушыларға кәсіптік білімге төлеу үшін тегін берілетін нысаналы ақша сомасы;

27) білім беру кредиті - білім алушыларға кәсіптік білім алуға төлеу үшін берілетін нысаналы кредит;

27-1) білім беру мониторингі - білім беру процестерін жүзеге асырудың нәтижелері мен шарттарының, білім алушылар контингентінің, білім беру ұйымдары желісінің жай-күйін және өзгерістер серпінін жүйелі түрде байқау, талдау, бағалау және болжау;

28) жалпы білім беретін мектеп - негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын, әрқайсысы дербес жұмыс істей алатын үш сатыдан: бастауыш, негізгі және жоғары сатылардан тұратын жалпы орта білім беретін оқу орны;

28-1) білім алушыларды аралық аттестаттау - бір оқу пәнінің оны бітіргеннен кейінгі бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

28-2) аралық мемлекеттік бақылау - білім сапасын білім беру ұйымдарына тәуелсіз бақылаудың бір түрі;

28-3) тексеру - білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасының білім

беру саласындағы заңнамасын сақтауын анықтау мақсатында жасалатын бақылау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті органның іс-әрекеті;

29) кәсіптік мектеп - жалпы орта, кәсіптік бастауыш білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және еңбек қызметінің түрлі бағыттары бойынша білікті еңбек қызметкерлерін даярлауды қамтамасыз ететін орта оқу о р н ы ;

30) кәсіптік лицей - жалпы орта, бастауыш кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын және біліктілігі жоғары деңгейдегі жұмысшы кадрларын даярлауды жүзеге асыратын орта оқу орны;

31) кәсіп - адамның білімі туралы тиісті құжаттармен расталған кәсібінің, еңбек қызметінің негізгі түрі;

32) клиникалық ординатура - жоғары оқу орнынан кейін тереңдетілген медициналық білім алу нысаны;

33) мамандық - білімі туралы тиісті құжаттармен расталған белгілі бір қызмет түрі үшін қажетті, мақсатқа сай даярлау және жұмыс тәжірибесі арқылы алынған білім, шеберлік және дағдылар кешені;

34) стипендия - білім алушыларға олардың тамағына, тұруына және оқу әдебиетін сатып алуына жұмсалатын шығындарды ішінара өтеу үшін берілетін а қ ш а с о м а с ы ;

35) студенттік кредит - білім алушыларға тамағына, тұруына және оқу әдебиетін сатып алуына жұмсалатын шығындарды ішінара өтеуге берілетін н ы с а н а л ы к р е д и т ;

36) университет - мамандықтардың кең ауқымы бойынша жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын; жоғары кәсіптік білімі бар мамандарды, ғылыми және ғылыми-педагог қызметкерлерді қайта даярлауды және (немесе) олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын; іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізетін; өзінің қызмет саласында жетекші ғылыми және әдістемелік орталық болып табылатын көп салалы жоғары оқу орны;

37) оқу бағдарламасы - әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге тиісті білімнің, шеберлік пен дағдылардың мазмұны мен көлемін айқындайтын құжат;

38) оқу жоспары - тиісті білім беру деңгейіндегі оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды зерделеу тәртібі мен бақылау нысандарын регламенттейтін н е г і з г і қ ұ ж а т ;

39) білім беру ұйымының филиалы - білім беру ұйымының одан тыс жерде орналасқан және білім беру бағдарламаларын осы Заңда белгіленген шекте іс жүзіне асыратын құрылымдық бөлімшесі; <*>

39-1) штаттағы оқытушы - білім беру ұйымының штат кестесінде көзделген қызметті атқаратын және еңбек шартының негізінде лауазымдық міндеттерін

о р ы н д а й т ы н

о қ ы т у ш ы ;

40) экстернат - білім алушы сабаққа үнемі қатыспай-ақ білім беру бағдарламасына сәйкес оқу пәндерін өз бетінше оқитын оқыту нысандарының б і р і ;

40-1) мектеп-гимназия (мектеп-лицей) - гимназияның жалпы білім беру бағдарламаларын - гимназия сыныптарында; лицейдің жалпы білім беру бағдарламаларын лицей сыныптарында іске асыратын жалпы білім беретін орта о қ у о р н ы ;

41) элитарлық білім - ерекше дарынды азаматтар үшін мамандандырылған білім беру ұйымдарында іске асырылатын білім беру бағдарламалары бойынша а л ы н а т ы н б і л і м .

41-1) эксперименттік алаң - жаңа педагогикалық технологиялар мен білім беру бағдарламаларын мақұлдаудан өткізуге арналған эксперимент режимінде білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 , 2004.07.09. N 597 , 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2006.07.04. N 150 , 2007.05.15. N 253 Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңдары

1. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қ о л д а н ы л а д ы . < * >

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 597 Заңымен .

3-бап. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері

1. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері м ы н а л а р б о л ы п т а б ы л а д ы :

1) Қазақстан Республикасының барлық азаматтарының білім алу құ қ ы қ т а р ы н ы ң т е ң д і г і ;

2) әрбір азаматтың интеллектуалдық дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қ о л ж е т к і з у і ;

3) білім берудің зайырлы сипаты;

4) жеке адамның білімділігін ынталандыру және дарындылығын дамыту;

5) білім беру сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру

процесінің үздіксіздігі; оқу мен тәрбиенің бірлігі;

6) білім беру ұйымдарының меншік нысандары бойынша, оқу мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрлі болуы;

7) білім беруді басқарудың демократиялық сипаты және білім беру ұйымдарының академиялық бостандықтары мен өкілеттігін кеңейту;

8) білім берудің ізгілікті және дамытушы сипаты;

9) білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциялануы;

10) оқушыларды кәсіптік бағдарлау;

11) білім беру жүйесін ақпараттандыру.

2. Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне жол берілмейді.

4-бап. Азаматтардың білім беру саласындағы құқықтарының мемлекеттік кепілдіктері

1. Азаматтардың білім алу құқығын мемлекет Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес білім беру жүйесін дамыту және білім алу үшін тиісті әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасау арқылы қамтамасыз етеді.

2. Мемлекет Қазақстан Республикасының азаматтарына тегін жалпы орта білім мен кәсіптік бастауыш білім алуға және егер азамат осы деңгейлердің (олардың сатыларының) әрқайсысында бірінші рет білім алатын болса, конкурстық негізде мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес білім беру ұйымдарында мемлекеттік жалпы міндетті стандарттар шегінде тегін кәсіптік орта білім мен кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім алуға кепілдік береді. Білім алушыларға білімнің тегін берілуі мемлекеттік білім беру ұйымдарын ұстауды бюджеттен қаржыландыру, білім беру ұйымдарының білім беру қызметін сатып алуды бюджеттен төлеу, не мемлекеттік білім беру гранттарын беру арқылы іске асырылады.

3. Кәсіптік білім алу үшін конкурстық негізде берілетін мемлекеттік білім беру кредиті мен мемлекеттік студенттік кредитті қамтитын мемлекеттік білім беру кредитінің жүйесі де құрылады.

Конкурс шарттары мемлекеттік білім беру гранттары мен кредиттерді тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын меңгеруге мейлінше қабілетті және даярлығы бар азаматтардың алуына кепілдік беруге тиіс.

Мемлекеттік емес білім беру кредитін дамытуды мемлекет салық салу жөнінен жеңілдіктер беру арқылы ынталандырады.

4 . а л ы п т а с т а л д ы

5. Мемлекет әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтардың білім алуы кезеңінде оларды ұстау шығындарын толық немесе ішінара көтереді.

Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтардың санатына:

жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
даму мүмкіндіктері шектеулі балалар, мүгедектер және бала кезінен
мүгедектер, мүгедек балалар; <*>
көп балалы отбасыларының балалары;
азаматтардың заңмен айқындалатын өзге де санаттары жатады.

Әлеуметтік көмектің мөлшері мен көздерін Қазақстан Республикасының
Үкіметі белгілейді.

6. Денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы жалпы білім беретін
мектепке бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе емдеу ұйымдарында жеке
тегін оқыту ұйымдастырылады.

7. Мемлекет даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтардың білім алуына,
дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасауды
қамтамасыз етеді.

8. Мемлекет тұрғындар саны аз елді мекендерде тұратын балалардың орта
білім алу құқығын қамтамасыз ету үшін шағын жинақталған мектептер мен
интернаттық ұйымдардың жұмыс істеуіне кепілдік береді.

9. Мемлекет ерекше дарынды азаматтардың элитарлық білім, оның ішінде
шетелде білім алуына қажетті жағдай жасайды.

*Ескерту. 4-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N
597 Заңымен, 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап
қолданысқа енгізіледі).*

5-бап. Оқыту және тәрбиелеу тілі

1. Білім беру ұйымдарындағы тіл саясаты Қазақстан Республикасының
Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге
асырылады.

2. Меншік нысандарына қарамастан, барлық оқу орындары әрбір білім
деңгейі үшін мемлекеттік жалпы міндетті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл
ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, сондай-ақ орыс тілін және бір шетел тілін
оқып-үйренуді қамтамасыз етуге тиіс.

3. Ұлттық топтар үшін олардың ана тілдерін оқып-үйренуіне жағдай
жасалады, ал олар жинақы тұратын жерлерде өз тілдерінде оқытатын білім беру
ұйымдары немесе бөлімшелері (сыныптар, топтар және басқалар) құрылуы
мүмкін.

6-бап. Білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттары

1. Қазақстан Республикасында әрбір білім беру деңгейі бойынша:
білімнің мазмұнына;
оқып және тәрбиеленіп жатқандардың оқу жүктемесінің ең көп көлеміне;
білім алушылардың даярлық қойылатын жалпы талаптардың жиынтығын

айқындайтын білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей стандарттары белгіленеді.

2. Тиісті білім беру деңгейлерінің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттары меншік нысандарына, үлгілері мен түрлеріне қарамастан барлық білім беру ұйымдары үшін міндетті.

3. а л ы п т а с т а л д ы

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 597 Заңымен , 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

7-бап. Білім беру жүйесі

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі өзара іс-қимыл жасайтын:

1) меншік нысандарына, үлгілері мен түрлеріне қарамастан білім беру ұйымдарының ;

2) білім берудің түрлі деңгейлеріне арналған сабақтас білім беру бағдарламалары мен білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарының ;

3) білім беру бағдарламаларының іске асырылуы мен білім беру жүйесінің дамытылуын қамтамасыз ететін білім беруді басқару органдары мен оларға қарасты ұйымдардың жиынтығы болып табылады.

8-бап. Білім беру жүйесінің міндеттері

1. Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

2. Білім беру жүйесінің басым міндеттері мыналар болып табылады:

1) білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау;

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту;

3) азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеге тәрбиелеу ;

4) республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру ;

5) әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баурау, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру;

- 6) білім беру ұйымдарының еркіндігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру және орталықсыздандыру;
- 7) оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу;
- 8) еңбек рыногында бәсекелесуге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау, оларды қайта даярлау және біліктілігін арттыру;
- 9) жұмыстан босатылған қызметкерлерді және жұмыспен қамтылмаған халықты қайта оқыту және қайта даярлау;
- 10) алуан түрлі және көп қызметті білім беру ұйымдарының тиімді дамуына жәрдемдесу.

2-тарау. Білім беру ұйымдары

9-бап. Білім беру ұйымдары

1. Бір немесе бірнеше білім беру бағдарламаларын іске асыратын және (немесе) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің күтімі мен тәрбие алуын қамтамасыз ететін заңды тұлғалар білім беру ұйымдары болып табылады.

Білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке және заңды тұлғалар (құрылтайшылар) құрады.

Білім беру ұйымдарының қызметі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тиісті үлгідегі Білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелерімен және солардың негізінде әзірленген жарғылармен реттеледі.

2. Білім беру ұйымының білім беру қызметін жүргізу құқығы лицензия алған кезден бастап туындайды және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен одан айырылған немесе ол жарамсыз деп танылған сәттен б а с т а п т о қ т а т ы л а д ы .

3. Білім беру ұйымының мәртебесін (үлгісін, түрін) оның құрылтайшылары айқындайды және осы Заңның талаптары, білім беру қызметін лицензиялау кезіндегі біліктілік талаптары, тиісті үлгідегі Білім беру ұйымдары қызметінің үлгі ережелері ескеріле отырып, оның жарғыларында көрсетіледі.

Білім беру ұйымдарының мәртебесін растау немесе өзгерту мемлекеттік аттестаттау қорытындылары бойынша жүзеге асырылады.

4. Білім беру ұйымдары:

- 1) мемлекеттік (білім беру мекемелері және білім беру кәсіпорындары);
- 2) жеке меншік болуы мүмкін.

5. Білім беру ұйымдары:

- 1) мектепке дейінгі, мектептен тыс, арнаулы және жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдар;
- 2) жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, жоғары кәсіптік, жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік және қосымша кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындары болып бөлінеді.

Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекітеді.

б . а л ы п т а с т а л д ы

Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен , 2004.07.09. N 597 Заңымен , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Білім беру ұйымының жарғысы

1. Білім беру ұйымының жарғысында мыналар белгіленуге тиіс:
 - 1) атауы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы);
 - 2) құрылтайшылары;
 - 3) білім беру ұйымының ұйымдық-құқықтық нысаны, үлгісі мен түрі;
 - 4) білім беру ұйымының міндеті мен қызметі;
 - 5) білім беру процесінің мақсаты, іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі;
 - 6) білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі;
 - 7) білім беру процесін ұйымдастыру (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), білім алушылардың, тәрбиеленушілердің сабақ режимі);
 - 8) білімді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық аттестаттау жүйесі, оларды өткізудің нысандары мен тәртібі;
 - 9) ақылы білім беру қызметін көрсетудің тізбесі мен тәртібі;
 - 10) білім беру ұйымдары мен білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және (немесе) олардың ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің қатынастарын регламенттеу мен ресімдеу;
 - 11) білім беру ұйымдарына құрылтайшы бекітіп берген меншік объектілерінің пайдаланылу тәртібі;
 - 12) білім беру ұйымының өз қызмет процесінде сатып алған меншігін қалыптастыру тәртібі;
 - 13) білім беру ұйымын қаржыландыру көздері, олардың қызметін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету;
 - 14) кәсіпкерлік қызметінің болуы және түрлері;
 - 15) құрылтайшының құзыреті;
 - 16) білім беру ұйымының құрылымы, басқару органдарын құру тәртібі, олардың құзыреті және қызметін ұйымдастыру тәртібі;
 - 17) білім беру ұйымдары қызметкерлерінің штатын толықтыру тәртібі, еңбекке ақы төлеу шарттары, олардың құқықтары мен міндеттері;
 - 18) білім беру ұйымының қайта ұйымдастырылу және таратылу тәртібі;
 - 19) білім беру ұйымының жарғысын өзгерту тәртібі.
2. Мемлекеттік білім беру ұйымының жарғысында алқалы басқару органдары

, олардың құрылу тәртібі мен құзыреті көзделуге тиіс.

3. Білім беру ұйымының жарғысында оның қызметіне қатысты және Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де ережелер
б о л у ы м ү м к і н .

4. Білім беру ұйымының жарғысын оның құрылтайшылары бекітеді.

11-бап. Білім беру ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату

1. Білім беру ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Білім беру ұйымдарының филиалдары білім беру ұйымдары құрылтайшыларының келісімімен құрылады.

3. Құрылтайшылар таратылатын білім беру ұйымдарының білім алушыларына басқа білім беру ұйымдарында оқу жылын аяқтап шығу үшін шаралар қолдануға міндетті.

12-бап. Білім беру қызметін лицензиялау

1. Ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан, заңды тұлғалардың (бұдан әрі - лицензиат) білім беру қызметі Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес лицензиялануға тиіс.

2. Білім беру ұйымдарының филиалдары олар үшін лицензияға жеке қосымшалар беріле отырып, білім беру ұйымдарының құрамында лицензияланады. Филиал туралы Ереже мен тіркеу құжаттары лицензиарға табыс
е т і л у г е т и і с .

3 . а л ы п т а с т а л д ы

4. Халықаралық және шетелдік оқу орындары немесе олардың Қазақстан Республикасының аумағында құрылған филиалдары Қазақстан Республикасының оқу орындары сияқты шартпен және сондай тәртіппен
л и ц е н з и я л а н у ғ а т и і с .

5. Лицензия алу үшін мынадай құжаттар қажет:

1) нысанын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін белгіленген
ү л г і д е г і а р ы з ;

2) лицензиаттың біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар;

3) қызметтің жекелеген түрлерімен шұғылдану құқығы үшін лицензиялық
а л ы м т ө л е г е н і н р а с т а й т ы н құ ж а т ;

4) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі;

5) жұмыс бабындағы оқу жоспарлары;

6) штаттағы оқытушылардың бар екенін растайтын құжат; <*>

7) дербес оқу-материалдық базасының бар екендігін растайтын құжаттар.

6. Кәсіптік мектептердің, кәсіптік лицейлердің, колледждер мен жоғары оқу орындарының білім беру қызметін олар үшін жаңа кәсіптер мен мамандықтар

бойынша лицензиялау, оларда лицензиялардың болуына қарамастан, жалпы негіздерде жүргізіледі.

7. Лицензиардың қажет болған жағдайда лицензияны беру, оның қолданылуын тоқтата тұру мәселелерін алқалы түрде және жария қарау үшін консультациялық-кеңесші орган құруға құқығы бар.

8. Лицензиардың білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға құқығы бар.

Лицензияның қолданылуын алты ай мерзімге дейін тоқтата тұруға: көрсеткіштердің білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарымен белгіленгеннен төмендеп кетуі;

білім беру сапасының мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарына сәйкес келмеуі негіз болады.

Лицензиядан айыруға:

лицензиаттың лицензиядағы талаптарды орындамауы;

лицензиатқа өзінің жүзеге асыруына лицензиясы бар қызмет түрімен айналысуына соттың тыйым салуы;

лицензияның қолданылуын лицензиар тоқтатқан себептердің жойылмауы;

лицензиаттың лицензия алу кезінде көрінеу дәйексіз ақпарат беруі негіз болып табылады.

9. алып тасталды

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен , 2001.12.24. N 276 Заңымен , 2004.07.09. N 597 Заңымен , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Білім беру ұйымдарына білім алушылар мен тәрбиеленушілерді қабылдауға қойылатын жалпы талаптар

1. Азаматты білім беру ұйымына қабылдау кезінде сол ұйым оны және (немесе) оның ата-анасын немесе өзге де заңды өкілдерін білім беру ұйымының жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиямен, қабылдау тәртібін және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

Қабылдау тәртібі тиісті үлгідегі оқу орындарына қабылдау ережелеріне сәйкес белгіленеді.

2. Осы аумақта тұратын және тиісті сатыда білім алуға құқығы бар барлық азаматтардың қабылдануын қамтамасыз ететін бастауыш жалпы, негізгі жалпы және орта жалпы білім беру сатыларындағы білім беру ұйымдарына, сондай-ақ кәсіптік бастауыш білім беретін білім беру ұйымдарына қабылдаудың тәртібін

құрылтайшы

белгілейді.

3. Азаматтарды кәсіптік орта, кәсіптік жоғары білім алу үшін білім беру ұйымдарына қабылдау азаматтардың өтініші бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады. Конкурстың шарттары азаматтардың білім алу құқықтарын сақтауға кепілдік беріп, неғұрлым қабілетті және тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламаларын меңгеруге дайындығы бар азаматтарды қабылдауды қамтамасыз етуге тиіс.

К о н к у р с :

- 1) ағымдағы жылғы бірыңғай ұлттық тестілеудің нәтижелері бойынша берілген сертификаттар баллдарының негізінде;
- 2) кешенді тестілеу нысанында өткізілген түсу емтихандарының нәтижелері бойынша берілген сертификаттар баллдарының негізінде;
- 3) осы Заңның 35-бабы 6-тармағының үшінші бөлігінде белгіленген тәртіппен халықаралық олимпиадалардың қатысушыларына ағымдағы жылғы берілген сертификаттар баллдарының негізінде өткізіледі.

Білім беру гранттарын (гранттар болмаған жағдайда - кредиттерді) алуға конкурс өткізілген кезде:

- 1) "Алтын белгі" белгісімен марапатталған оқушылардың;
- 2) тізбесін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы айқындайтын жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) республикалық және халықаралық орындаушылар конкурстары мен спорттық жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдарымен марапатталған) соңғы үш жылдағы жеңімпаздарының, сондай-ақ өздері таңдаған мамандығының олар жеңімпазы болып табылатын олимпиаданың, конкурстың немесе спорттық жарыстың пәніне сәйкес келген жағдайда, жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жарыстардың (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) ағымдағы жылғы жеңімпаздарының басым құқығы болады.

Білім беру гранттары мен кредиттерін алуға арналған конкурсты өткізу кезінде көрсеткіштер бірдей болған жағдайда медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысына сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға болатын жағдайда I және II топтағы мүгедектердің, бала кезінен мүгедектердің, мүгедек-балалардың және үздік білімі туралы құжаттары (куәліктері, аттестаттары, дипломдары) бар азаматтардың басым құқығы болады.

4. Азаматтарды жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім алу үшін жоғары оқу орындарына және ғылыми-зерттеу ұйымдарына қабылдау Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы белгілеген

тәртіппен конкурстық негізде азаматтардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

5. Кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беретін білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшерде:

1) I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар арасынан шыққан азаматтар үшін;

2) ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар үшін;

3) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін;

4) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін қабылдау квотасы көзделеді.

6. Азаматтарды арнаулы немесе шығармашылық дайындықты қажет ететін мамандықтарға қабылдау арнаулы немесе шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Мамандықтардың және арнаулы немесе шығармашылық емтихандар еткізу тәртібінің тізбесі Үлгілік қабылдау ережелерімен белгіленеді. V001118 V001245

V 0 2 2 1 3 6

7. Рухани (діни) білім беру ұйымдарына қабылдау орта білімі бар азаматтар арасынан жүзеге асырылады.

8. Кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім берудің мемлекеттік құпиялармен жұмыс істеуді талап ететін жекелеген мамандықтары бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарын қабылдау мамандандырылған мемлекеттік оқу орындарында және басқа да мемлекеттік оқу орындарының факультеттерінде (бөлімдерінде) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша ғана жүзеге асырылады.

Мамандықтардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

9. Білім беру ұйымдарына азаматтарды қабылдау тәртібін осы Заңмен реттелмеген бөлігінде құрылтайшы белгілейді және ол білім беру ұйымының жарғысында бекітіледі.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 , бап жаңа редакцияда - 2004.07.09. N 597 , өзгерту енгізілді - 2006.07.04. N 150 Заңдарымен.

14-бап. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

1. Білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Жалпы негізгі, жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беретін білім беру бағдарламаларын меңгеру білім алушыларды

міндетті мемлекеттік қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

3. Білім беру ұйымдары білім алушыларды аралық аттестаттаудың нысандарын, тәртібін және мерзімділігін таңдауда дербес болады.

4. Білім беру ұйымдарында тәртіп білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтардың адамдық қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде сақталады. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.

5. Кәметке толмаған білім алушылардың, тәрбиеленушілердің ата-аналарына және өзге де заңды өкілдеріне білім беру процесінің барысымен және мазмұнымен, сондай-ақ білім алушылардың үлгерім бағаларымен танысу мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс.

6. Оқу орындарында оқыту төмендегідей нысандарда: күндізгі, сырттай, кешкі оқу, дистанциялық оқыту және экстернат нысандарында жүзеге асырылуы мүмкін.

Білім алудың әртүрлі нысандарын ұштастыруға жол беріледі.

7. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие бағдарламалары білім беру бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің елжандылық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және адамгершілік сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты ынта-ықыласы мен қабілеттерін дамытуға бағытталуға тиіс.

8. Білім беру ұйымдарында нәсілдік, ұлттық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айырықшылықты насихаттауға, милитаристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпы танылған принциптеріне қайшы келетін өзге идеяларды таратуға тыйым салынады.

9. Әскерге шақырылуға дейінгі және шақырылу жасындағы оқушы жастардың негізгі жалпы білім беру базасындағы бастапқы әскери даярлығы - жалпы білім беретін оқу орындарында (арнаулы оқу орындарын қоспағанда), кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беру ұйымдарында, ал студенттердің әскери даярлығы жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 597 Заңымен .

14-1-бап. Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру

Оқу-тәрбие процесін қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмыс жүзеге асырылады.

Ескерту. 14-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 597 Заңымен .

15-бап. Білім алушылардың кәсіптік практикасы

1. Білім алушылардың кәсіптік практикасы мамандар мен жұмысшылар даярлаудың бір бөлігі болып табылады, ол практика базасы болып табылатын тиісті ұйымдарда жүргізіледі және білім беру ұйымдарындағы оқыту процесінде алған білімді бекітуге практикалық дағдылар алу мен озық тәжірибені меңгеруге бағытталған.

2. Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімі мен мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес жұмыстық оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен белгіленеді.

3. Білім беру ұйымдары кәсіптік практиканы өткізу үшін шарттық негізде практика базасы ретіндегі ұйымдарды анықтайды, олармен келісілген практиканы өткізудің бағдарламаларын және күнтізбелік кестесін бекітеді.

Шарттарда білім беру ұйымдарының, практика базасы болып табылатын ұйымдардың және білім алушылардың міндеттері белгіленеді.

4. Кәсіптік практикаға жұмсалатын шығындарды білім беру ұйымдары мен практика базасы болып табылатын ұйымдар қарастырады.

Бұл шығындардың мөлшері жасалған шарттарда белгіленеді.

5. Практиканы дайындау мен өткізу үшін білім беру ұйымдарының және практика базасының басшылары жауапты болады.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 597 Заңымен.

16-бап. Білім туралы құжаттар

1. Лицензиясы бар, мемлекеттік аттестаттаудан өткен және жалпы білім беру (мектепке дейінгіні қоспағанда) мен (немесе) кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қорытынды мемлекеттік аттестаттаудан өткен азаматтарға білім және (немесе) біліктілік деңгейі (сатысы) туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттар береді.

2. Тиісті білім деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат келесі деңгейдегі білім беретін ұйымдарда білім алуды жалғастырудың қажетті шарты болып табылады.

Кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білімі туралы құжаттарында көрсетілген біліктілігіне, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімі туралы құжаттарында көрсетілген ғылыми дәрежелеріне сәйкес азаматтардың кәсіптік қызметпен, оның ішінде білім деңгейіне біліктілік талаптары қойылатын қызметпен айналысуға құқығы бар

Кәсіби қызметпен айналысуды мақсат еткен медициналық білімі бар азаматтар үшін осы бапта аталған құжаттардан басқа, маман сертификаты болуы қажет.

3. Білім алуды аяқтамаған азаматтарға белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

4. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарын бітіргені туралы құжаттардың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде танылуы тиісті халықаралық шарттар (келісімдер) негізінде жүзеге асырылады.

5. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық шарттар (келісімдер) негізінде т а н ы л а д ы .

Білім туралы құжаттарды нострификациялау тәртібін білім беру саласындағы орталық атқарушы орган белгілейді.

Халықаралық шарттар (келісімдер) болмаған жағдайда азаматтардың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде алған білімі туралы құжаттарының Қазақстан Республикасында танылуы және тиісті куәліктер берілуі білім беру саласындағы орталық атқарушы органдар белгілеген тәртіппен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен , 2004.07.09. N 597 , 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

17-бап. Білім беру жүйесіндегі бірлестіктер

Білім беру жүйесіндегі білім беру қызметі субъектілерінің мүдделерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған және жұмыс істеп тұрған олардың бірлестіктері білдіре алады.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен , бап жаңа редакцияда - 2004.07.09. N 597 Заңымен .

3-тарау. Білім беру бағдарламалары мен білім деңгейлері

18-бап. Білім беру бағдарламалары

1. Білім беру бағдарламалары тиісті деңгейлер мен олардың сатыларының білім беру мазмұнын айқындайды. Қазақстан Республикасында жалпы білім беретін (негізгі және қосымша) және кәсіптік (негізгі және қосымша) болып бөлінетін білім беру бағдарламалары іске асырылады.

2. Жалпы білім беретін бағдарламалар жеке адамның жалпы мәдениетін қалыптастыру, жеке адамды қоғамдағы өмірге бейімдеу міндеттерін шешуге, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдау мен меңгеру үшін негіз жасауға б а ғ ы т т а л ғ а н .

3. Кәсіптік бағдарламалар тиісті кәсібилігі мен біліктілігі бар жұмысшылар мен мамандар даярлауға, білім алушылардың кәсіптік және жалпы білім деңгейін дәйекті түрде арттыруға бағытталған.

4. Негізгі жалпы білім беретін бағдарламалар мен негізгі кәсіптік бағдарламалар тиісті мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарының

негізінде

әзірленеді.

5. Қосымша білім беретін бағдарламалар азаматтардың, қоғамның, мемлекеттің білімге және мәдениетке деген қажеттерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында іске асырылады.

Қосымша білім беру бағдарламаларына:

1) тиісті мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарынан тыс жалпы білім беру және кәсіби даярлық жүргізілетін білім беру ұйымдарында;

2) қосымша білім беру ұйымдарында;

3) жеке педагогикалық қызмет арқылы іске асырылатын әртүрлі бағыттағы білім беру бағдарламалары жатады.

6. Ерекше дарынды білім алушылардың әлеуетті мүмкіндіктерін мейлінше толық дамыту үшін дарынды балаларға арнап мамандандырылған мектептерде іске асырылатын білім беру бағдарламалары әзірленеді.

7. Азаматтардың жекелеген санаттары үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсыныстарын ескере отырып анықталатын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму ерекшеліктері мен әлеуетті мүмкіндіктері ескерілген арнаулы білім беру бағдарламалары әзірленеді.

8. Оқытудың жаңа технологияларын сынақтан өткізу, білім берудің жаңа мазмұнын енгізу үшін білім беру ұйымдарында (эксперименттік алаңдарда) эксперимент тәртібімен іске асырылатын білім беру бағдарламалары әзірленуі мүмкін.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 597 Заңымен.

19-бап. Білім берудің балалар мен жасөспірімдерге арналған қосымша дамыту бағдарламалары

1. Білім берудің қосымша дамыту бағдарламалары мектептен тыс ұйымдарда іске асырылады.

2. Мемлекет мемлекеттік мектептен тыс ұйымдардың білім беру қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

3. Мектептен тыс ұйымдар балалардың жеке басының дамуына, кәсіптік бағдарын айқындауына, шығармашылық еңбегіне, олардың қабілеттерін іске асыруына, қоғам өміріне бейімделуіне, азаматтық сана-сезімінің, жалпы мәдениетінің, салауатты өмір салтының қалыптасуына, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыруына жағдай жасайды.

4. Мектептен тыс ұйымдарға балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық сарайлары, үйлері, орталықтары, кешендері, студиялары; жас техниктердің, туристердің, натуралистердің станциялары мен базалары; балалардың музыкалық, көркемөнер және спорт мектептері, өнер мектептері;

ынта-ықыластары бойынша клубтар; спорттық, сауықтыру, туристік лагерьлер; балалар парктері, стадиондар, галереялар және басқа да ұйымдар жатады.

5. Мектептен тыс ұйымдардың қызметі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тиісті ережемен белгіленеді.

20-бап. Арнаулы білім беру бағдарламалары

1. Арнаулы білім беру бағдарламаларын арнаулы білім беру ұйымдары іске асырады.

2. Дамуында түрлі ауытқулары мен кенжелеушілігі бар, емделуге және психологиялық-педагогикалық тұрғыда түзелуге, диагноз қоюға мұқтаж балалар үшін арнаулы ұйымдар (оңалту орталықтары, бала бақшалары, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар) құрылады.

3. Ұзақ емделуге мұқтаж адамдар үшін, сондай-ақ әдеттегі білім беру ұйымдарында оқытуға кедергісі болатын даму мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдер үшін толық мемлекет қамтамасыз ететін арнаулы түзету ұйымдары ұйымдастырылады. Балалар мен жасөспірімдер бұл ұйымдарға ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің келісімімен ғана психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар арқылы жіберіледі.

Даму мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдерді кәсіптік даярлауға мемлекет жәрдемдеседі.

4. Девианттық мінез-құлықты адамдар үшін адамгершілік сипатта ерекше ұсталатын білім беру ұйымдары мен арнаулы білім беру ұйымдары құрылады, олар тәрбиелеу мен оқытуды, әлеуметтік оңалтуды қамтамасыз етеді және оларды мемлекет толық қамтамасыз етіп отырады.

Балалар мен жасөспірімдерді арнаулы ұйымдарға жіберу аудан, қала әкімдері жанындағы кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия арқылы, ал ерекше режимде ұстау ұйымдарында сот шешімі негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 597 Заңымен.

21-бап. Жалпы және кәсіптік білім беру

1. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сипатына қарай білім беру жалпы білім және кәсіптік білім беру болып бөлінеді.

2. Жалпы білім беруге:

- 1) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту;
- 2) жалпы бастауыш білім беру;
- 3) жалпы негізгі білім беру;
- 4) жалпы орта білім беру;
- 5) жалпы қосымша білім беру кіреді.

Жалпы білім берудің әрбір сатысындағы білім беру мазмұны тиісті жалпы білім беру бағдарламасымен белгіленеді.

3. Кәсіптік білім беруге:

- 1) кәсіптік бастауыш білім беру;
- 2) кәсіптік орта білім беру;
- 3) кәсіптік жоғары білім беру;
- 4) жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру;
- 5) қосымша кәсіптік білім беру кіреді.

Кәсіптік білім берудің әрбір сатысындағы білім беру мазмұны тиісті кәсіптік бағдарламамен белгіленеді.

22-бап. Білім деңгейлері

Білім беру бағдарламаларының үздіксіздігі мен сабақтастығы принципі негізінде мынадай білім деңгейлері белгіленеді:

- 1) мектепке дейін тәрбиелеу мен оқыту;
- 2) орта білім беру;
- 3) кәсіптік жоғары білім беру;
- 4) жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру.

23-бап. Мектепке дейін тәрбиелеу мен оқыту

1. Мектепке дейінгі тәрбие отбасында және (немесе) мектепке дейінгі ұйымда жүзеге асырылады.

2. Мектепке дейінгі ұйымдар отбасымен қатар бір жастан алты (жеті) жасқа дейінгі мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуды, олардың дене және психикалық денсаулығын қорғап, нығайтуды, дамуында ауытқуы бар балалардың жеке қабілеттерін дамытуды және оған мұқтаж балаларға қажетті түзету жасауды жүзеге асырады.

3. *алып тасталды - 2006.01.10. N 116 Заңымен.*

4. Бес (алты) жастағы балаларды мектепке барар алдында даярлау міндетті және ол отбасында, мектепке дейінгі ұйымның мектеп алдындағы топтарында немесе жалпы білім беретін мектептер, лицейлер мен гимназиялардың мектеп алдындағы сыныптарында жалпы білім беру бағдарламаларының шеңберінде жүзеге асырылады. Ол мемлекеттік білім беру ұйымдарында тегін жасалады.

Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 597, 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

24-бап. Орта білім беру

1. Қазақстан Республикасының азаматтарына мемлекеттік оқу орындарында тегін орта білім алуға кепілдік беріледі. Орта білім алу міндетті.

2. Мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін оқу орындарынан он алты жасқа дейінгі балаларды шығаруға құқыққа қарсы әрекеттер жасағаны, білім беру

ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше мәрте бұзғаны үшін білім беру басқармасы органдарының шешімі бойынша ерекше жағдайларда ғана жол беріледі. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғаншы және қамқоршы органдардың келісімімен қ а б ы л д а н а д ы .

3. Орта білім үздіксіз білім беру жүйесіндегі негізгі деңгей болып табылады және жалпы, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беруді қамтиды. Орта білім берудің міндеттілігі мен оған қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін мемлекет орта білім беру ұйымдарының сақталуына және дамуына жәрдемдеседі.

4. Жалпы орта білім үш сатылы: бастауыш (1-4 сыныптар), негізгі (5-9 сыныптар) және жоғары (10-11 (12) сыныптар) жалпы орта білім беретін оқу орнында кезең-кезеңмен алынады.

Мектептің бірінші сыныбына балалар алты немесе жеті жастан бастап қ а б ы л д а н а д ы .

Аталған сатылар бірге немесе дербес жұмыс істей алады. Олар тиісінше жалпы бастауыш, негізгі жалпы, жалпы орта білім беруді іске асырады. Жалпы білім беретін оқу орнының мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі және жоғары сатыларының білім беру бағдарламалары сабақтас болып табылады, әрбір келесі бағдарлама алдыңғысына негізделеді.

5. Жалпы орта білімнің көп нұсқалылығына, білім берудің ауқымды инфрақұрылымын қалыптастыруға жалпы орта білім беретін ұйымдардың әралуан түрлері мен үлгілерін: жалпы білім беретін мектеп, гимназия, лицей, мектеп-гимназия, мектеп-лицей және басқаларды құру арқылы қол жеткізіледі.

6. Кәсіптік бастауыш білім кәсіптік мектептер мен кәсіптік лицейлерде негізгі жалпы білім беру базасында алынып, жалпы орта білім алумен ұштастырылады және ол еңбек қызметінің түрлі бағыттары бойынша білікті еңбек қызметкерлерін (жұмысшыларды, қызметкерлерді) даярлауға бағытталған.

Кәсіптік мектепте оқу мерзімі - екі-үш жыл, кәсіптік лицейде - үш жыл, ерекше күрделі кәсіптер бойынша, сондай-ақ бірегей жабдықтарға қызмет көрсетуге байланысты жұмыстар үшін - төрт жылға дейін болады.

Жекелеген кәсіптер бойынша кәсіптік бастауыш білім беру қысқартылған оқыту мерзіміндегі жалпы орта білім беруге негізделуі мүмкін.

Кәсіптік оқыту білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына белгіленген тәртіппен берілген лицензиясы болған кезде, тікелей өндірісте, оқу-өндірістік комбинаттарда, оқу орталықтарында, курстарда және жұмысшылар даярлайтын басқа да оқу-өндірістік құрылымдарда жүзеге асырылуы мүмкін.

7. Кәсіптік орта білім колледждерде, училищелерде негізгі жалпы білім беру базасында конкурстық негізде алынып, жалпы орта білім алумен ұштастырылады және ол кәсіптік орта білім алып шығатын мамандар даярлауға бағытталған.

Колледжде, училишеде оқу мерзімі - үш-төрт жыл. Ұқсас мамандықтар бойынша жалпы орта және кәсіптік бастауыш білімі бар азаматтардың қысқартылған, жеделдетілген бағдарламалар бойынша кәсіптік орта білім алуына б о л а д ы .

Тиісті лицензиясы болған жағдайда колледждерде, училищелерде жалпы орта және кәсіптік бастауыш білім беру бағдарламалары іске асырылуы мүмкін.

Кәсіптік орта білімі бар азаматтар қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша қысқартылған мерзімде ақылы негізде екінші кәсіптік орта білім ала а л а д ы .

Колледждер мен училищелерде ұқсас мамандықтар бойынша республикалық оқу-әдістемелік бірлестіктер құрылады.

8. Кәсіптік бастауыш немесе кәсіптік орта білім берудің кәсіптік білім беру бағдарламалары шегінде алынатын кәсіптік білімнің бейіні ескеріле отырып, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарты іске асырылады .

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен , 2004.07.09. N 597 Заңымен .

25-бап. Кәсіптік жоғары білім беру

1. Кәсіптік жоғары білімді орта білімі бар азаматтар алады.

2. Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік жоғары оқу орындарында конкурстық негізде тегін кәсіптік жоғары білім алуға құқығы бар.

2-1. Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жыл сайын бекітілетін мамандықтардың тізбесіне сәйкес шетелдік жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысанында жоғары кәсіптік білім алу үшін "Болашақ" халықаралық стипендиясына конкурстық негізде ие болуға құқығы бар.

3. Қазақстан Республикасында жоғары оқу орындарының мынадай түрлері белгіленеді: университет, академия, институт және оларға теңестірілгендер (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище).

Жоғары оқу орындарының филиалдары мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарттарының әлеуметтік-гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми пәндері циклдарының көлемінде кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асырады .

Білім алушылардың мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандарттарының жалпы кәсіптік және арнайы пәндер жөніндегі оқу бағдарламаларын меңгеруі филиал құрған жоғары оқу орындарында ж а л ғ а с т ы р ы л а д ы .

Жоғары оқу орындарында тиісті лицензиялары болған жағдайда жалпы орта, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білімнің білім беру бағдарламалары іске

а с ы р ы л у ы

м ү м к і н .

4. Бірыңғай оқу-ғылыми-өндірістік кешен ретінде жұмыс істейтін жоғары оқу орнының құрамына жоғары оқу орнының құрылымдық бірліктерінің немесе заңды тұлға мәртебесі бар оқу, ғылыми, өндірістік және басқа да бөлімшелер кіре а л а д ы .

Медициналық білім беру ұйымдары қаржыландырылуы Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған көздерден жүзеге асырылатын клиникалық базасы болған жағдайда ғана жұмыс істеуі мүмкін.

5. Қазақстан Республикасында кәсіптік жоғары білімнің мынадай құрылымы б е л г і л е н е д і :

1) қорытынды аттестаттаудан ойдағыдай өткен адамға біліктілік пен " бакалавр" академиялық дәрежесінің берілуімен расталатын, оқу мерзімі төрт жылдық жоғары базалық білім (бакалавриат);

қорытынды аттестаттаудан ойдағыдай өткен адамға біліктілік нен "магистр" академиялық дәрежесінің берілуімен расталатын, оқу мерзімі: жоғары базалық білім негізінде - екі жылдық; жоғары арнаулы білім негізінде бір жылдық жоғары ғылыми - педагогикалық білім;

2) тиісті мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, қорытынды аттестаттаудан ойдағыдай өткен адамға " кәсіптік жоғары білімі бар маман" тиісті біліктілігінің берілуімен расталатын, оқу мерзімі кемінде төрт жылдық жоғары арнаулы білім.

Медициналық білім берудің жекелеген мамандықтары бойынша оқу мерзімі жеті жыл болады және соңғы оқу жылы интернатура нысанында ұ й ы м д а с т ы р ы л а д ы .

Интернатурадан өтпеген бітірушілер клиникалық практикаға жіберілмейді.

Университеттер мен академиялар білім беру саласындағы орталық атқарушы органдармен келісе отырып, кәсіптік жоғары білім берілетін нақты мамандықтар бойынша кадрлар даярлау құрылымын белгілейді.

6. Кәсіптік орта білімі бар азаматтар жеделдетілген оқыту мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ұқсас мамандықтар жөнінде жоғары кәсіптік білім алуға құқылы.

Кәсіптік жоғары білімі бар азаматтар ақылы негізде жеделдетілген оқыту мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша екінші кәсіптік жоғары білім алуы мүмкін.

Кәсіптік жоғары білім берудің көп деңгейлі құрылымы туралы ережені Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

7. Жоғары оқу орны өзінің ғылыми қызметінде Қазақстан Республикасының заңдарын басшылыққа алады.

8. Жоғары оқу орнының тәрбиелеу міндеттері студенттердің, оқытушылар

мен қызметкерлердің бірлескен оқу, ғылыми, шығармашылық, өндірістік қызметімен іске асырылады.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207, 2004.07.09. N 597, 2006.07.04. N 150 Заңдарымен.

26-бап. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру

1. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім үздіксіз білім беру жүйесінің жоғары сатысы ретінде біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлады көздейді.

Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді арнаулы жоғары білімі немесе " магистр" академиялық дәрежесі бар білікті мамандықтағы азаматтар алады.

2. Ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлау жоғары оқу орындарының клиникалық ординатурасында, ассистентура-тағылымдамасында адъюнктурасында және докторантурасында, ғылыми-зерттеу ұйымдарында, сондай-ақ ғылым кандидаттарын аға ғылыми қызметкер қызметіне, ізденушілікке ауыстыру, шығармашылық демалыстар беру нысанында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жыл сайын бекітілетін мамандықтардың тізбесіне сәйкес "Болашақ" халықаралық стипендиясының стипендиаттарын шетелдік жоғары оқу орындарына күндізгі оқу нысанында оқытуға жіберу жолымен жүзеге асырылады.

3. Аспирантура мен адъюнктурада оқу мерзімі күндізгі оқу нысанында - үш жылдан, сырттай оқу нысанында - төрт жылдан, магистр дәрежесі бар адамдар үшін тиісінше екі және үш жылдан аспауға тиіс.

Ассистентура-тағылымдамада тағылымдамадан өту мерзімі күндізгі оқу нысаны бойынша - екі жылдан, сырттай оқу нысаны бойынша үш жылдан аспауға тиіс.

Докторантурада болу мерзімі - үш жылдан, докторлық диссертация әзірлеу үшін аға ғылыми қызметкер қызметіне ауыстыру екі жылдан аспауға тиіс.

4. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім туралы ережені Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекітеді.

Ескерту. 26-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207, 2006.07.04. N 150 Заңдарымен.

27-бап. Қосымша кәсіптік білім беру

1. Кәсіптік білім берудің әрбір сатысының шегінде қосымша кәсіптік білім берудің негізгі міндеттері технологиялар мен өндірісте болып жатқан өзгерістерге байланысты оларға қойылатын талаптарды ұдайы арттыруды ескере отырып, жұмысшылардың, қызметшілердің, мамандардың біліктілігін үздіксіз арттыру, еңбек нарығы құрылымының өзгеруіне байланысты қосымша мамандықтар алу арқылы кәсіби білімді, дағдылар мен іскерлікті тереңдету және кәсіби мүмкіндіктерді кеңейту болып табылады.

2. Қосымша кәсіптік білім берудің негізгі нысандары біліктілікті арттыру мен кадрларды қайта даярлау болып табылады.

3. Қосымша кәсіптік білім берудің оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларын білім беру ұйымдары, ғылыми ұйымдар мен қосымша білім беру ұйымдары, сондай-ақ нысанасы білім беру қызметі болып табылатын тиісті құрылымдық бөлімшелері бар өзге де заңды тұлғалар бекітеді және іске асырады.

4. Қосымша кәсіптік білім беру бюджет қаражаты есебінен де, ақылы негізде де жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Білім беру ұйымдарының педагогикалық және ғылыми-педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыру кемінде бес жылда бір рет жүзеге асырылады.

Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 597 Заңымен, 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

4-тарау. Білім беру жүйесін басқару

28-бап. <*>

Ескерту. 28-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

29-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің білім беру саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) білім беруді дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлейді және іске асырады;

2) білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлейді және оларды іске асыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

2-1) еңбек нарығының кадрларға ағымдағы және болашақтағы қажеттігінің тұрақты мониторингі жүйесін құрады;

3) жұмыс берушілер мен басқа да әлеуметтік серіктестердің кәсіптік білім беру проблемаларын шешуге қатысуын қамтамасыз етеді және кәсіптік жоғары білімі мен жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімі бар, сондай-ақ бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ұйымдарда кәсіптік орта білімі бар мамандар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді;

3-1) мемлекеттік білім беру гранттары шеңберінде жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін үш жыл бойы ауылдық жерде одан әрі жұмыс істеу шарты негізінде медициналық мамандықтар бойынша мамандар даярлау үшін квота белгілейді;

4) білім беру саласындағы орталық атқарушы органдардың ұсынысы бойынша білім беру жүйесінің қызметін осы Заңға сәйкес реттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекітеді;

4-1) мемлекеттік білім беру гранты, мемлекеттік білім беру және мемлекеттік

студенттік кредиттер туралы ережелерді бекітеді;

4-2) білім берудің жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік стандарттарын әзірлеу, бекіту тәртібін және оның қолданылу мерзімдерін айқындайды;

4-3) Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аккредиттеу және білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау ережелерін бекітеді;

4-4) біліктілік талаптарын және білім беру қызметін лицензиялау тәртібін бекітеді ;

4-5) мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды берудің тәртібін айқындайды;

4-6) халықтың тығыздығына және елді мекендердің қашықтығына қарай білім беру ұйымдары желісінің кепілдік берілген мемлекеттік нормативін бекітеді;

4-7) мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын, сондай-ақ Педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының тізбесін айқындайды;

4-8) жеке адамның тәрбиесіне, білім алуына және кәсіби қалыптасуына зор үлес қосқан мемлекеттік білім беру ұйымдарына ерекше мәртебе беру туралы шешім қабылдайды және Қазақстан Республикасының Президентіне жекелеген мемлекеттік білім беру ұйымдарына ерекше мәртебе беру туралы ұсыныс енгізеді ;

5) білім беру саласындағы орталық атқарушы органдардың ұсынысы бойынша бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік білім беру ұйымдарын құрады, қайта ұйымдастырады және таратады;

6) білім беру мониторингін жүзеге асырудың тәртібін белгілейді;

6-1) "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу ережесін бекітеді ;

7) мемлекеттік атаулы стипендияны белгілейді;

8) "Алтын белгі" белгісі туралы ережені бекітеді.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен , 2004.07.09. N 597 Заңымен , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.04. N 150 , 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

30-бап. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органның құзыреті

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы мынадай міндеттерді атқарады:

1) білім беру саласындағы азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының сақталуын, олардың білім беру саласындағы мемлекет кепілдік берген әлеуметтік игіліктердің минимумын алуын қамтамасыз етеді;

1-1) білім беру саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асырады,

білім беру саласындағы салааралық үйлестіруді жүзеге асырады;

1-2) ұсынылатын білім беру қызметін көрсетудің сапасына талдау жасайды және әдістемелік әрі әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

2) **а л ы п т а с т а л д ы**

3) білім беру ұйымдарының қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

3-1) білім беру сапасын басқаруды жүзеге асырады, білім беру сапасын бағалау мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді, техникалық және технологиялық нормаларды қабылдайды;

3-2) білім беру мониторингін және білім беруді басқару жүйесін ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесін ұйымдастыру және оның жұмыс істеу ережесін бекітеді;

3-3) медициналық және фармацевтикалық білім берудің үлгілік (базистік) оқу бағдарламаларын және оқу жоспарларын қоспағанда, білім берудің барлық деңгейлерінің үлгілік (базистік) оқу бағдарламаларын және оқу жоспарларын әзірлеуді ұйымдастырады және бекітеді;

3-4) сырттай, кешкі және экстернат нысанында білім алуға жол берілмейтін кәсіптер мен мамандықтардың тізбесін белгілейді;

3-5) жоғары кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарында экстернат нысанында білім алуға рұқсат береді;

4) медициналық және фармацевтикалық білім беруді қоспағанда, жалпыға бірдей міндетті білім берудің мемлекеттік стандарттарын бекітеді;

4-1) аралық мемлекеттік бақылау өткізудің ережесін бекітеді;

5) білім беру мен ғылым саласында нысаналы және халықаралық бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;

6) меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарындағы оқу жылының басталу және аяқталу уақытын белгілейді ;

7) білім беру ұйымдарының үлгілері мен түрлері бойынша сыныптардың (топтардың) санитариялық ережелер мен нормаларға сәйкес толықтырылуын а й қ ы н д а й д ы ;

8) мүдделі министрліктермен, өзге де орталық атқарушы органдармен, жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен өзара іс-қимыл жасай отырып, кадрлар даярлау бойынша кәсіптер мен мамандықтар тізбесін белгілейді ;

8-1) білім алушылардың үлгеріміне, оларды аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттауға ағымдағы бақылау жүргізудің нысанын әзірлейді және т ә р т і б і н б е к і т е д і ;

8-2) бірыңғай ұлттық тестілеуді және кешенді тестілеуді өткізудің ережелері

мен технологиясын әзірлейді және бекітеді;

8-3) санының асып кетуі кезектен тыс мемлекеттік аттестаттауға алып келетін аралық мемлекеттік бақылаудан өтпеген білім беру ұйымдарында білім алушылардың шекті санын бекітеді;

8-4) техникалық еңбек пен қызмет көрсету еңбегінің кәсіптері (мамандықтары) бойынша кәсіптік дайындық деңгейін растаудың және біліктілік берудің тәртібін әзірлеп, бекітеді;

9) білім беру қызметін жүзеге асыру құқығына: жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің негізгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларға; республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, мамандандырылған білім беру бағдарламаларын және кәсіптік орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларға; діни білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларға (діни оқу орындары);

халықаралық және шетелдік заңды тұлғаларға лицензия береді;

9-1) білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру тәртібін бекітеді;

9-2) кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын мемлекеттік аккредитациялауды ұйымдастырады және жүргізеді;

9-3) меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан (медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдарын қоспағанда), кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарына, сондай-ақ кәсіптік орта білім беру және мамандандырылған білім беру бағдарламаларын іске асыратын ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастырады және жүргізеді;

10) жалпы орта білім беретін республикалық білім беру ұйымдарын, сондай-ақ халықаралық келісімдерге сәйкес шетелдік мектептерде оқитын отандастарды оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етеді, шығармашылық сайыс негізінде оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарын дайындау мен басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және білім беру ұйымдарына оқу әдебиеттерін таңдаудың тетігін жасайды;

10-1) жалпы орта білім беретін республикалық білім беру ұйымдарын, сондай-ақ халықаралық келісімдерге сәйкес шетел мектептерінде оқитын отандастарды оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етеді;

11) білім беру ұйымдарына арналған оқулықтарды, оқу құралдары мен басқа

да әдебиеттерді, соның ішінде электрондық жеткізгіштегі әдебиеттерді пайдалануға рұқсат етеді;

11-1) мектептен тыс республикалық маңызы бар іс-шаралар өткізуді ұйымдастырады;

12) *алып тасталды*

12-1) жалпы білім беру пәндері бойынша республикалық олимпиадалар мен ғылыми жарыстарды, орындаушылардың және кәсіби шеберліктің республикалық конкурстарын өткізуді ұйымдастырудың ережесін бекітеді;

13) денсаулық сақтау кадрларының біліктілігін арттыру мен оларды қайта даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты қоспағанда, бюджет қаражаттары есебінен конкурстық негізде мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады;

14) білім беру ұйымдарына, магистратураға, аспирантура мен докторантураға оқуға қабылдаудың жалпы тәртібін және үлгі ережелерін, сондай-ақ білім беру қызметтерін ақылы көрсету шартының үлгілік нысанын бекітеді;

14-1) кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беретін білім беру ұйымдарында білім алушыларды ауыстырудың және қайта қабылдаудың ережелерін бекітеді;

14-2) күндізгі оқыту нысанындағы білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар берудің тәртібі мен мерзімдерін бекітеді;

14-3) осы Заңның 14-бабында көзделген нысандар бойынша оқыту ережелерін бекітеді;

15) ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары мен кәсіпорындарының құрылтай құжаттарын бекітеді;

16) білім беру саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының және нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарының, ведомстволық бағыныстағы ұйымдардағы бюджет және қаржы тәртібінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес орындалуына мемлекеттік бақылау жасауды жүзеге асырады;

16-1) білім алуды аяқтамаған азаматтарға берілетін анықтама нысанын бекітеді;

16-2) білім беру қызметінде білім беру ұйымдары пайдаланатын қатаң есептегі құжаттардың нысанын әзірлейді және бекітеді;

16-3) білім деңгейі (сатысы) және (немесе) біліктілік туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланктеріне тапсырыс беруді ұйымдастырады, жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарын, сондай-ақ республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарын солармен қамтамасыз етеді және олардың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

17) мемлекеттік білім беру ұйымдарында еңбекке ақы төлеудің мемлекеттік нормативтері туралы ұсыныстар әзірлейді;

18) бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың белгіленген тәртіппен қаржыландырылуын жүзеге асырады;

19) Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарының бірінші басшыларын қоспағанда, ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен б о с а т а д ы ;

19-1) жоғары оқу орындарының ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің (профессорлық-оқытушылық құрам, ғылыми қызметкерлер) лауазымдарына конкурстық орналасудың ережесін бекітеді;

20) алып тасталды

21) салалық көтермелеу жүйесін жасайды және бекітеді;

21-1) педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ережесін бекітеді;

22) педагог кадрларды қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды жоспарлайды және ұйымдастырады;

23) шетелдік әріптестермен келіссөздер жүргізіп, өз құзыреті шегінде білім беру саласында, сондай-ақ ғылыми қызметте халықаралық шарттарға (келісімдерге) және бағдарламаларға қол қояды;

24) алып тасталды

24-1) білім туралы құжаттарды нострификациялау тәртібін белгілейді;

25) алып тасталды

Ескерту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен , 2004.07.09. N 597 Заңымен , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.04. N 150 , 2006.07.07. N 171 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

31-бап. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың білім беру саласындағы құзыреті

1. Жергілікті өкілді органдар:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағындағы жергілікті атқарушы органдар ұсынған білім беруді дамыту бағдарламаларын бекітеді, олардың орындалуы туралы есептерді тыңдайды;

2) ауылдық (селолық) жерлерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне отын сатып алуға бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік көмек беру туралы шешім қабылдайды;

3) білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүріп-тұруы туралы

ш е ш і м

қ а б ы л д а й д ы .

2. Облыстың жергілікті атқарушы органы:

1) білім беруді дамыту бағдарламаларын әзірлейді және мәслихаттың б е к і т у і н е е н г і з е д і ;

2) азаматтарға кәсіптік бастауыш білім беруді қамтамасыз етеді;

3) кәсіптік орта білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыруды қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

4) арнайы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беруді - қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

5) дарынды балаларға мамандандырылған білім беру ұйымдарында жалпы білім беруді қамтамасыз етеді;

5-1) білім және (немесе) біліктілік деңгейі (сатысы) туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың бланктеріне тапсырыс беруді ұйымдастырады, олармен жалпы негізгі және жалпы орта, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беретін білім беру ұйымдарын қамтамасыз етеді және олардың пайдаланылуына б а қ ы л а у д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы ;

б) кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта білім беретін, арнайы және мамандандырылған білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын, сондай-ақ балалар-жас өспірімдер мектептерін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен құрады, қайта құрады және т а р а т а д ы ;

6-1) білім беру қызметін лицензиялауды, сондай-ақ бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік білім берудің негізгі бағдарламаларын, мамандандырылған және арнаулы білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ спорт бойынша балалар мен жасөспірімдерге арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғаларды мемлекеттік аттестаттауды жүргізуді ұйымдастырады;

7) бастауыш кәсіптік, орта кәсіптік білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді;

8) кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беретін мемлекеттік білім беру ұйымдарына (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі жалпы білім беретін және кәсіптік мектептерді қоспағанда), сондай-ақ арнайы және мамандандырылған білім беретін білім беру ұйымдарына қолдау көрсетеді және оларды материалдық-техникалық қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

9) міндетті жалпы орта білім беретін ұйымдар үшін, сондай-ақ арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді ұйымдастырады;

10) облыс ауқымындағы мектеп олимпиадаларын өткізуді қамтамасыз етеді;

11) балаларға спорт бойынша қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

12) кадрларды қайта даярлауды және бюджет қаражаты есебінен

қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

13) балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын тексеруді және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;

14) дамуында проблема бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етеді;

15) белгіленген тәртіппен жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік қамтамасыз етеді, оларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етеді жүзеге асырады;

16) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен білім алушылардың жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

17) кәсіптік орта білім беретін ұйымдардың бітірушілерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі;

18) мәслихатқа білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруі туралы ұсыныстар енгізеді.

3. Республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары:

1) білім беруді дамыту бағдарламаларын әзірлейді және мәслихаттың бекітуіне енгізеді;

2) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды міндетті орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады;

3) кешкі (ауысымды) оқу нысанын және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім беруді қоса алғанда, азаматтарға міндетті орта білім беруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

4) азаматтардың кәсіптік бастауыш білім алуын қамтамасыз етеді;

5) азаматтардың кәсіптік орта білім алуын қамтамасыз етеді;

6) *алып тасталды - 2006.01.10. N 116 Заңымен.*

7) жалпы бастауыш, жалпы негізгі және жалпы орта, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беретін білім беру ұйымдарын, мектеп жасына дейінгі және мектептен тыс ұйымдарды, сондай-ақ арнайы және мамандандырылған білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен құрады, қайта құрады және тартады;

8) жалпы бастауыш, жалпы негізгі және жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта білім берудің негізгі білім беру бағдарламаларын, арнайы және мамандандырылған білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдардың білім

беру қызметін лицензиялауды, сондай-ақ оларды мемлекеттік аттестаттауды жүргізуді ұйымдастырады;

9) кәсіптік орта білімді мамандар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекітеді;

10) білім алушылардың бірыңғай ұлттық тестілеуге қатысуын ұйымдастырады;

11) міндетті жалпы орта білім беретін мекемелер үшін, сондай-ақ арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алуды және жеткізуді ұйымдастырады;

12) балалар мен жасөспірімдер үшін қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

13) қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі жалпы білім беретін әрі кәсіптік мектептерді және мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдарына қолдау көрсетеді және оларды материалдық-техникалық қамтамасыз етуге жәрдемдеседі;

14) арнайы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беруді қамтамасыз етеді;

15) дарынды балаларға мамандандырылған білім беру ұйымдарында жалпы білім беруді қамтамасыз етеді;

16) республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы мектеп олимпиадаларын өткізуді қамтамасыз етеді;

17) балалар мен жасөспірімдердің психикалық саулығын тексеруді және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультативтік көмек көрсетуді қамтамасыз етеді;

18) дамуында проблема бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз етеді;

19) кадрларды қайта даярлауды және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

20) белгіленген тәртіппен жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік қамтамасыз етуді, оларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

21) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

22) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

23) білім беру ұйымдарының бітірушілерін жұмысқа орналастыруға

ж ә р д е м д е с е д і ;

24) мәслихатқа білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруі туралы ұсыныстар енгізеді;

25) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді.

4. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы:

1) білім беруді дамыту бағдарламаларын іске асырады;

2) кешкі (ауысымды) оқу нысанын және интернат үлгісіндегі ұйымдар арқылы ұсынылатын жалпы орта білім беруді қоса алғанда, азаматтарға міндетті орта білім беруді қамтамасыз етеді;

3) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, оларды міндетті орта білім алғанға дейін оқытуды ұйымдастырады;

4) арнайы және мамандандырылған, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жалпы бастауыш, жалпы негізгі немесе жалпы орта білім беру ұйымдарын құрады, қайта құрады және таратады;

5) білім беру қызметін лицензиялауды, сондай-ақ жалпы бастауыш, жалпы негізгі немесе жалпы орта білім берудің негізгі білім беру бағдарламаларын (арнайы және мамандандырылған білім беру бағдарламаларын, спорт бойынша балалар мен жасөспірімдерге арналған қосымша білім беру бағдарламаларын қоспағанда) іске асыратын заңды тұлғаларды, сондай-ақ мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдарды мемлекеттік аттестаттаудан өткізуді ұйымдастырады;

6) қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі жалпы білім беретін және кәсіптік мектептерді, бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік білім беретін білім беру ұйымдарын, арнайы, мамандандырылған және мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдарына қолдау көрсетеді және оларды материалдық-техникалық қамтамасыз етуге ж ә р д е м д е с е д і ;

7) міндетті жалпы орта білім беретін мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сатып алуды және жеткізуді қамтамасыз етеді;

8) балалар мен жасөспірімдер үшін қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

9) аудан (қала) ауқымында мектеп олимпиадаларын өткізуді ұйымдастырады;

10) белгіленген тәртіппен жетім балаларды, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік қамтамасыз етуді, оларды міндетті түрде жұмысқа орналастыруды және тұрғын үймен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

11) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерге медициналық қызмет көрсетуді

ұйымдастырады ;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

13) білім беру ұйымдарының бітірушілерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдеседі ;

14) ауылдық жердегі білім беру ұйымдарына жұмыс істеуге келген жас мамандарды тұрғын үй-тұрмыстық жағдайлармен қамтамасыз етуге жәрдемдеседі ;

15) мәслихатқа білім алушылардың қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүруі туралы ұсыныстар енгізеді ;

16) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына және отбасыларға қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді.

5. Қаладағы ауданның, облыстық, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі:

1) мектеп жасына дейінгі балаларды есепке алуды ұйымдастырады;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруді қамтамасыз етеді, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады .

Кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің әкімі ауылдық (селолық) жерде білім алушыларды мектепке дейін және кері тегін жеткізуді ұйымдастырады .

Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 484 Заңымен , 2004.07.09. N 597 Заңымен , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.04. N 150 , 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

32-бап. <*>

Ескерту. 32-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

33-бап. Білім беру ұйымдарының құзыреті

1. Білім беру ұйымдары Қазақстан Республикасының заңдарында, тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары туралы Үлгі ережелер мен білім беру ұйымдарының жарғыларында белгіленген шекте оқу-тәрбие процесін жүзеге асыруда, кадрларды іріктеу мен орналастыруда, ғылыми, қаржы-шаруашылық және өзге де қызметте дербес болады.

1-1. Білім беру ұйымдары өз қызметін жария түрде жүзеге асырады,

жұртшылықты оқу, ғылыми-зерттеу және қаржы қызметі туралы хабардар етеді.

2. Мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы уәкілетті басқару органдарымен келісім бойынша өз орынбасарларын тағайындайды және қызметінен босатады. Оларды тағайындау және қызметтен босату тәртібі білім беру ұйымының жарғысымен белгіленеді.

3. Білім беру ұйымының құзыретіне мынадай міндеттер жатады:

- 1) жарғының жобасын әзірлеу;
- 2) ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту;
- 3) оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу процесінің күнтізбелік кестелерін әзірлеу және бекіту;

4) осы Заңда және тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары туралы Үлгі ережеде өзгеше көзделмесе, білім алушылар, тәрбиеленушілер контингентін білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияға сәйкес қалыптастыру;

Кәсіптік орта және кәсіптік жоғары оқу орындарының білім алушылар контингентін қалыптастыру тиісті үлгідегі Оқу орындарына қабылдаудың үлгілік ережелеріне сәйкес бірыңғай ұлттық тестілеудің, кешенді тестілеудің нәтижелері бойынша берілген сертификаттар баллдары конкурсының негізінде жүзеге асырылады;

V 0 0 1 1 1 8

V 0 0 1 2 4 5

5) білім беру процесі мен білім беру технологияларының әдістемелерін, оның ішінде дистанциялық білім беру технологияларын пайдалану және жетілдіру;

6) бірыңғай ұлттық тестілеуді және техникалық еңбек пен қызмет көрсету еңбегінің кәсіптері (мамандықтары) бойынша біліктілікті беруді қоспағанда, білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу;

7) **а л ы п т а с т а л д ы**

8) өздерінің қаржы қаражаты шегінде және республикалық нормативтік құқықтық актілермен белгіленген шектеулерді ескере отырып, мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы қызметкерлердің жалақысы мен лауазымдық айлықақысының ставкаларын белгілеу;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына үстеме ақы мен қосымша ақы, оларға сыйлық берудің тәртібі мен мөлшерін белгілеу;

9-1) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды қамтамасыз ету ;

10) білім беру ұйымдарын нормативтік талаптарға сәйкес материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету, жарақтау мен жабдықтау;

11) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жарғылық

қызметті жүзеге асыру үшін қосымша қаржылық және материалдық қаражат
к ө з д е р і н т а р т у ;

12) қоғамдық тамақтандыру ұйымдары бөлімшелерінің және медициналық ұйымдардың жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар жасау, олардың жұмыстарына білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің денсаулықтарын қорғау және нығайту мақсатында бақылау жасау;

13) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген қосымша жеңілдіктер мен материалдық қамтамасыз ету түрлерінің уақытылы беріліп отыруын қамтамасыз е т у ;

14) тәрбиеленушілер мен білім алушылардың күтімі мен тұру жағдайларының белгіленген нормалардан төмен болмауын қамтамасыз ету;

15) қоғамдық өзін-өзі басқару, қоғамдық бірлестіктер органдарының қ ы з м е т і н е ж ә р д е м д е с у ;

16) құрылтайшылар мен мүдделі адамдарға қаржылық және материалдық ресурстардың түсуі мен жұмсалуы туралы есеп беру;

17) жоғары оқу орындарының ғылыми-педагог қызметкерлеріне тиісті оқу орнының доценті және профессоры академиялық атақтарын беру. Қазақстан Республикасының мемлекеттік аттестаттау органының алдында доцент және профессор ғылыми атақтарын беру туралы өтініш жасау.

1 8) а л ы п т а с т а л д ы

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен , 2004.07.09. N 597 Заңымен , 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

34-бап. Білім беру ұйымдарын басқару

1. Білім беру ұйымдарын басқару Қазақстан Республикасының заңдарына, тиісті үлгідегі Білім беру ұйымы қызметінің үлгілік ережелері мен білім беру ұйымының жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Білім беру ұйымын алқалы басқарудың нысандары білім беру ұйымының кеңесі (ғылыми кеңес), қамқоршылық кеңес, педагогикалық, әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңестер және басқа да нысандар болып табылады, олардың жұмысын ұйымдастыру ережелерін, оларды сайлау тәртібін қоса алғанда, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық ат қ а р у ш ы о р г а н ы б е к і т е д і .

3. Білім беру ұйымын тікелей басқаруды меңгеруші, директор, ректор немесе өзге де басшы жүзеге асырады.

4. Қызметке тағайындау және қызметтен босату тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарының бірінші басшыларын қоспағанда, білім беру ұйымының басшысы

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

Бірінші басшыларын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарының тізбесін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

5. Білім беру ұйымы басшысының мәртебесі, білім беру ұйымының алқалы органдарының құрамы, өкілеттігі, сайлау тәртібі және қызметі, олардың арасындағы өкілеттіктің ара-жігін ажырату тиісті үлгідегі Білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелерімен айқындалады және олардың жарғыларымен бекітіледі.

Мемлекеттік білім беру ұйымының басшысы үш жылда бір рет Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен аттестаттаудан өтеді.

Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын жекелеген мемлекеттік жоғары оқу орындарының бірінші басшыларын аттестаттаудан өткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

6. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларына өздерінің қызметтерін білім беру ұйымдары ішіндегі немесе одан тыс жерлердегі басқа да басшылық (ғылыми және ғылыми-әдістемелік басшылықтан басқа) қызметтермен қоса атқаруға рұқсат етілмейді.

7. Мемлекеттік білім беру ұйымдары, олардың филиалдары (бөлімдері) басшыларының қызметтік міндеттерін қоса атқаруға болмайды.

Ескерту. 34-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 597, өзгерту енгізілді - 2006.07.04. N 150 Заңдарымен.

35-бап. Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау

1. Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау мемлекеттің азаматтардың білім алуға құқығының сақталуын қамтамасыз етуге және негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың өздері жүзеге асыратын білім беру қызметінің Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңдарының талаптарына сәйкестігін, мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарттарын және олардың алған лицензияларындағы талаптарды сақтауына бағытталған және білім беруді мемлекеттік басқару органдары оны өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

2. Білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бақылау объектілері:

1) негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын заңды тұлғалардың білім беру қызметі;

2) білім алушылардың тиісті білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейі болып табылады.

3. Мемлекеттік бақылаудың негізгі түрлері:

- 1) аралық мемлекеттік бақылау;
- 2) білім алушыларды қорытынды мемлекеттік аттестаттау;
- 3) білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау;
- 4) білім беру ұйымдарын аккредиттеу;
- 5) лицензиялық ережелердің сақталуын бақылау;
- 6) білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарын сақтауын бақылау болып табылады.

4. **а л ы п т а с т а л д ы**

5. Аралық мемлекеттік бақылау:

1) тиісті сатыдағы білім беру бағдарламаларының мазмұнын білім алушылардың меңгергенін тексеру мақсатында жалпы орта білім беретін білім б е р у ұ й ы м д а р ы н д а ;

2) білім алушылардың кәсіптік жоғары білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандартының элеуметтік-гуманитарлық, жаратылыстану-ғылыми және жалпы бейінді пәндер циклына кіретін жекелеген пәндерді игергенін олар екінші курсты бітіргеннен кейін (медициналық оқу орындарында - үшінші курсты бітіргеннен кейін) тексеру мақсатында кәсіптік жоғары білім беретін білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

Аралық мемлекеттік бақылаудан өтпеген білім алушылардың Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы айқындаған тәртіпте аралық мемлекеттік бақылаудан қайтадан өтуге құқығы бар.

Аралық мемлекеттік бақылаудан екінші рет өтпеген студенттер - мемлекеттік білім беру гранттары мен кредиттерінің иелері мемлекеттік білім беру гранты мен кредиті бойынша білім алуды жалғастыру құқығынан айырылады және ақылы негізде қайтадан оқу курсына қала алады.

Аралық мемлекеттік бақылаудан екінші рет өтпеген ақылы бөлімдердің студенттері ақылы негізде қайтадан оқу курсына қала алады.

Аралық мемлекеттік бақылаудан өтпеген білім алушылардың саны Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы белгілеген шекті саннан асатын білім беру ұйымдары кезектен тыс мемлекеттік аттестаттауға ж а т а д ы .

Аралық мемлекеттік бақылау жүргізудің ережелерін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекітеді.

6. Қазақ тілінде және орыс тілінде оқыған жалпы орта білім беру ұйымдарының бітірушілері жыл сайын бірыңғай ұлттық тестілеуді тапсыруға ж і б е р і л е д і .

Жалпы білім беретін пәндер бойынша ағымдағы жылғы халықаралық

олимпиадалардың қатысушылары бірыңғай ұлттық тестілеуді тапсырудан б о с а т ы л а д ы .

Білім беру гранттарын алу құқығы конкурсына қатысу үшін халықаралық олимпиадалардың қатысушыларына сертификат Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы комиссиясының шешімі негізінде беріледі. Сертификаттардың баллдары Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекіткен шкала бойынша білім алушының жылдық бағасын аудару жолымен белгіленеді.

Жалпы орта білім беретін оқу орындарын өткен жылдарда бітірушілердің, сондай-ақ бірыңғай ұлттық тестілеуді тапсырмаған, халықаралық оқушылар алмасу желісі бойынша шетелде оқығандардың, ана тілінде (қазақ тілінен және орыс тілінен басқа) оқытатын жалпы орта білім беретін оқу орындарын бітірушілердің, республикалық музыкалық мектеп-интернаттарды, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта оқу орындарын бітірушілердің кешенді тестілеуді Үлгілік қабылдау ережелеріне сәйкес тапсыруға құқықтары бар.

7. Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды, олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысандарына қарамастан, білім беруді мемлекеттік басқару органдары өздерінің құзыретіне сәйкес жоспарлы түрде бес жылда бір р е т ө т к і з е д і .

Білім беру ұйымдарының филиалдарын мемлекеттік аттестаттау білім беру ұйымдары үшін көзделген тәртіппен білім беру ұйымының құрамында өткізіледі.

Алғашқы мемлекеттік аттестаттау жаңадан құрылған:

1) жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында төрт жылдан кейін;

2) кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында тиісті деңгейдегі мамандардың бірінші бітіруінен кейін бір жылдан кешіктірілмей;

3) мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдарда үш жылдан кейін ө т к і з і л е д і .

8. Жоғары оқу орындарын акредиттеу олардың өтініштері бойынша мемлекеттік аттестаттау негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 35-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен , бап жаңа редакцияда - 2004.07.09. N 597 Заңымен , өзгеріс енгізілді - 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.07.04. N 150 Заңдарымен.

35-1-бап. Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасының сақталуын бақылау

1. Білім беру ұйымдарының Қазақстан Республикасының білім туралы заңнамасын сақтауын бақылау уәкілетті органдардың тексерулері нысанында жүзеге асырылады.

2. Тексерулер мынадай түрлерге бөлінеді:
жоспарлы - алдыңғы тексерулерге қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген уақыт аралықтары ескеріліп жүргізілетін уәкілетті орган жоспарлаған тексеру;

жоспардан тыс - жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне дереу ден қою мақсатында тағайындалатын тексеру;

қарсы - тексеру жүргізу кезінде бақылаушы органдарда үшінші тұлғаларға байланысты қосымша ақпарат алу қажеттігі туындаған жағдайда осы тұлғаларға қатысты жүргізілетін тексеру.

3. Жоспарлы тексеру мемлекеттік аттестаттаулар аралығында бір рет жүргізіледі.

4. Қазақстан Республикасының аумағында құрылған халықаралық және шетелдік білім беру ұйымдары мен олардың филиалдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тексеріледі.

5. Білім беру ұйымдарын тексеру уәкілетті органның тексеру жүргізу туралы шешімінің негізінде жүргізіледі.

6. Тексеру жүргізу үшін комиссия құрылады. Комиссияның құрамын, тексеру жүргізу мерзімін, объектісін, тексерудің нысанасын уәкілетті орган бекітеді. Тексеруге білім беру және ғылыми ұйымдардың мамандары тартылуы мүмкін.

7. Тексеру ұзақтығы жеті күннен аспауға тиіс. Негізді себептер болған кезде тексеру мерзімдері ұзартылуы мүмкін, бірақ ол он күннен аспауға тиіс.

8. Тексеруші адамдар тексеру жүргізу кезінде кез келген қажетті ақпарат сұратуға, тексеру нысанасына қатысы бар құжаттардың түпнұсқаларымен танысуға құқылы.

9. Тексеру жүргізу тексеру қорытындылары туралы анықтама жазумен аяқталады. Тексеру қорытындылары туралы анықтамаға жазылған фактілердің дұрыстығын растайтын құжаттар қоса беріледі.

10. Комиссия әзірлеген тексеру қорытындылары туралы анықтамамен тексерілген ұйымның басшысы танысуға, оған өз қолын қойып, ұйымның мөрін басуға тиіс. Бұл ретте ол тексеру нәтижелерімен тұтастай немесе жекелеген позициялар бойынша келіспейтіні туралы жазба жасауға құқылы.

Білім беру ұйымының басшысы немесе басшының міндетін атқарушы адам анықтамаға қол қоядан бас тартқан немесе басшының немесе оның міндетін атқарушы адамның қолын қойғызу мүмкіндігі болмаған жағдайда комиссия төрағасы анықтамада тиісті жазба жасайды.

Анықтаманың бір данасы тексерілген ұйымда қалады.

Ескерту. 35-1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

35-2-бап. Білім беру жүйесін басқару органдарын ақпараттық қамтамасыз ету

1. Білім беру жүйесін басқару органдарын толық, анық, салыстырмалы ақпаратпен уақтылы қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасында білім беруді тиімді басқарудың мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесі құрылады және жұмыс істейді.

2. Білім берудің бірыңғай ақпараттық жүйесі белгіленген көрсеткіштер бойынша білім беру жүйесіндегі есепке алудың деректерін, білім беру мониторингінің деректерін және Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы, жергілікті атқарушы органдар, білім беру ұйымдары өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде алған өзге де деректерді қ а м т и д ы .

Ескерту. 35-2-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2006.07.04. N 150 Заңымен.

5-тарау. Білім беру процесі субъектілерінің құқықтары мен міндеттері, әлеуметтік кепілдіктері

36-бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың білім беру ұйымын және қабылдау шарттарына сәйкес білім алу нысандарын таңдауға құқығы бар.

Білім алушылар тілек білдірген жағдайда білім беру ұйымы олармен тараптардың құқықтары мен міндеттері көрсетілетін оқу шартын (келісім-шартын) жасасуға міндетті.

Азаматтар ақылы оқуға түскен кезде білім беру ұйымы олармен білім беру қызметін ақылы көрсету шартын жасасуға міндетті. <*>

2. Білім алатын азаматтар білім алушылар немесе тәрбиеленушілер болып т а б ы л а д ы .

Білім алушыларға оқушылар, студенттер, магистранттар, курсанттар, тыңдаушылар, тағлымдамадан өтушілер, аспиранттар, адъюнктер және д о к т о р а н т т а р ж а т а д ы .

Тәрбиеленушілерге мектепке дейінгі, интернаттық ұйымдарда оқитын және тәрбиеленетін адамдар жатады.

3. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің:

- 1) мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарына сәйкес білім алуға;
- 2) Білім беру ұйымы кеңесінің шешімімен жалпы міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, жеделдетілген білім беру

бағдарламалары бойынша оқуға;

3) өзінің бейімділігі мен қажеттеріне қарай қосымша білім беру қызметін пайдалануға, білім алуға, оқу жоспарларына сәйкес баламалы курстар таңдауға;

4) білім беру ұйымдарын басқаруға қатысуға;

5) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен оқу орнына қайта қабылдануға және біреуінен екіншісіне, бір мамандықтан екіншісіне немесе оқудың бір нысанынан екіншісіне, мемлекеттік емес оқу орнынан мемлекеттік оқу орнына ауысуға;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен білім беру ұйымдары кітапханаларының ақпараттық ресурстарын тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен тегін қамтамасыз етілуге;

7) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен халықты жұмыспен қамту саласының жағдайы туралы ақпарат алуға және кәсіби-диагностикалық зерттеуден өтуге;

8) өз пікірі мен сенімін еркін білдіруге;

9) өзінің адамдық қадір-қасиетінің құрметтелуіне;

10) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермеленуге және сыйақы алуға құқығы бар.

4. Меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің:

1) жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жүруге;

2) оқудан бос уақытта оқуды жұмыспен ұштастыруға;

3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әскери қызметке шақырылудан кейінге қалдырылуға құқығы бар.

4-1. Медициналық айғақтар бойынша және өзге де ерекше жағдайларда білім алушыға Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы белгілеген мерзімге және тәртіппен академиялық демалыс берілуі мүмкін.

5. Білім беру ұйымдарында негізгі жұмысынан қол үзбей (сырттай, кешкі және дистанциялық оқу нысандары бойынша) оқитын азаматтарға, Қазақстан Республикасының еңбек заңдарында көзделген реттерді қоспағанда, жұмыс берушілер жалақысын сақтап және сақтамай ақы төленетін және ақы төленбейтін қосымша демалыстар, жұмыстан бос күндер беруі де мүмкін.

6. Меншік нысандарына қарамастан, білім беру ұйымдарын бітірушілердің келесі деңгейдегі білім беру ұйымына түсу кезінде және жұмысқа орналасу кезінде құқықтары тең болады.

7. Білім беру ұйымдарында білім алушылардың жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен мемлекеттік стипендиялар төленеді.

Мемлекеттік атаулы стипендия жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің мейлінше дарынды аспиранттарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушы студенттеріне жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми кеңестерінің шешімдері негізінде төленеді.

Жеке және заңды тұлғалар белгілейтін атаулы стипендиялар кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарында оқытудың күндізгі нысанында білім алушыларға тағайындалады.

Атаулы стипендиялардың мөлшерін және оларды төлеу тәртібін оларды тағайындаған органдар мен тұлғалар айқындайды.

8. Мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес оқуға қабылданған білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім беру ұйымдары өздері белгілеген тәртіппен жатақханалардағы орындармен қамтамасыз етеді.

9. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқу процесінен аландатуға жол берілмейді.

10. Мемлекет жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін балалар үйлерін және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының шешімі бойынша құрылатын отбасы үлгісіндегі балалар ауылдарын, Жасөспірімдер үйлерін, интернаттық ұйымдар, сондай-ақ отбасылық үлгісіндегі балалар үйлерін құруды және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар балалар үйлері мен интернаттық ұйымдарда тәрбиеленеді, оларды мемлекет толық қамтамасыз етіп отырады.

11. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да жеңілдіктер беріледі.

12. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттары көлемінде білімді, шеберлік пен практикалық дағдыларды меңгеруге, ішкі тәртіп ережелерін сақтауға, білім беру ұйымының жарғысында көзделген басқа да талаптарды орындауға міндетті.

13. Білім алушылар мен тәрбиеленушілер өздерінің денсаулығы үшін қам жеуге, рухани және дене бітімін өздігінен жетілдіруге ұмтылуға міндетті.

14. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің міндеттерін бұзғаны үшін оларға білім беру ұйымының жарғысында, не шартта (келісім-шартта) көзделген тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылуы мүмкін.

Ескерту. 36-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09.

N 597 , 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.05.22. N 255 Заңдарымен.

37-бап. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау

1. Білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесі білім алушылардың, тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайын ескере отырып жүзеге асырылады. Білім беру ұйымдарында білім алушылардың, тәрбиеленушілердің ауыруына жол бермеу, денсаулығын нығайту, дене бітімін жетілдіру, салауатты өмір салтын ынталандыру жөніндегі қажетті шаралардың орындалуы қамтамасыз етіледі.

2. Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпы міндетті стандарттар, оқу жоспарлары мен денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсыныстары негізінде әзірленген білім беру ұйымдары бекітетін ережелермен айқындалады.

3. Денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдары білім алушылардың, тәрбиеленушілердің денсаулығына үнемі бақылау жасауды, оларға медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Білім беру ұйымдары медициналық пункттерге орындар береді.

4. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жыл сайын тегін медициналық тексеруден өтіп тұруға міндетті.

5. Білім беру ұйымдарындағы сабақ кестесі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалысы үшін ұзақтығы жеткілікті үзіліс жасалуын көздеуге тиіс.

Жергілікті атқарушы органдар және білім беру ұйымдарының басшылары білім беру ұйымдарында ақылы тамақтандыруды ұйымдастыру үшін жағдай жасайды. Тамақ сапасын бақылау денсаулық сақтау органдарына жүктеледі.

6. Білім беру ұйымдарында оқудың, тәрбиелеудің, еңбек ету мен демалудың салауатты және қауіпсіз жағдайларын жасау үшін жауапкершілік олардың басшылары мен құрылтайшыларына жүктеледі.

Ескерту. 37-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

38-бап. Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері

1. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің :

1) білім беру ұйымын баланың қалауын, жеке басының бейімділігі мен ерекшеліктерін ескере отырып таңдауға;

2) ата-аналар комитеттері арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

3) білім беру ұйымдарынан өз балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайлары жөнінде ақпарат алуға;

4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардан өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу проблемалары жөнінде консультациялық көмек алуға құқығы бар.

2. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер:

1) балаларға өмір сүруі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың интеллектуалдық және дене күшін дамытуын, адамгершілік жағынан қалыптасуын қамтамасыз етуге;

2) бес (алты) жасында балалардың мектепке барар алдындағы дайындығын қамтамасыз етуге, ал алты (жеті) жастан бастап жалпы білім беретін мектепке беруге;

3) білім беру ұйымдарымен ынтымақтастық жасауға;

4) балалардың оқу орнына баруын қамтамасыз етуге міндетті.

39-бап. Педагогикалық қызметпен айналысу құқығы

1. Білім беру ұйымдарында тиісті кәсіптік білімі бар азаматтардың педагогтік қызметпен айналысу (оқыту және тәрбиелеу) құқығы бар.

2. Тиісті кәсіптік білімі жоқ азаматтарға педагогтік қызметпен (жоғары оқу орындарын қоспағанда) айналысу құқығы қажетті мамандар болмағанда ғана білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша беріледі. <*>

3. Білім беру ұйымдарындағы педагогтік қызметке сот үкімімен оған тыйым салынған адамдар жіберілмейді.

Ескерту. 39-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 597 Заңымен .

40-бап. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі

1. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

2. *а л ы п т а с т а л д ы*

3. Мемлекеттік білім беру ұйымдары өздеріндегі бар қаражат шегінде, сондай-ақ кәсіпкерлік қызмет есебінен сыйлықақылар мен ынталандыру сипатындағы өзге де төлемдердің мөлшерлерін дербес айқындай алады.

4. Білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне біліктілігі жоғары ғылыми кадрларды аттестаттау саласындағы Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген тиісті диплом болған жағдайда ғылым кандидаты және ғылым докторы ғылыми атақтары үшін, ғылым кандидатына бір айлық ең төменгі жалақы және ғылым докторына екі айлық ең төменгі жалақы мөлшерінде қосымша ақы белгіленеді.

5. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері үшін

нормативтік оқу жүктемесі аптасына:

- 1) жалпы білім беретін оқу орнының бастауыш сатысы үшін - 20 сағаттан;
- 2) жалпы білім беретін оқу орнының негізгі және жоғары сатылары, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беру ұйымдары үшін - 18 сағаттан;
- 3) мектепке дейінгі ұйымдар, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектеп алдындағы сыныптары үшін - 24 сағаттан;
- 4) мектептен тыс ұйымдар үшін - 18 сағаттан (балалардың, жасөспірімдердің спорт мектептерінде - 24 сағаттан) аспайтын етіп белгіленеді;
- 5) мемлекеттік жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамының жалпы саны мемлекеттік тапсырысты және мемлекеттік білім беру кредитін анықтау кезінде студенттер мен оқытушылардың орташа арақатынасы (бір оқытушыға келетін студенттердің орташа саны) тиісінше күндізгі оқу нысаны үшін - 8:1, ал медициналық жоғары оқу орындары үшін - 6:1, кешкі оқу нысаны үшін - 16:1 және сырттай оқу нысаны үшін - 32:1 болуын негізге ала отырып е с е п т е л е д і .

Мемлекеттік білім беру мекемелерінде педагог қызметкерлерге арналған нормативтік оқу жүктемесін білім беру саласындағы орталық атқарушы органдардың ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Заңда белгіленген шекте реттеп отырады.

6. Білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне ауылдық (селолық) жерлерде жұмыс істегені үшін, сыныпқа басшылық жасағаны үшін, дәптерлерді, жазба жұмыстарын тексергені үшін, оқу кабинеттеріне меңгерушілік еткені, пәндерді тереңдетіп оқытқаны үшін қосымша ақы және Қазақстан Республикасының Үкіметі көздеген басқа да ақылар төленеді.

7. Өз қаражаты есебінен Еңбекке ақы төлеу жөніндегі ережені тиісті оқу орындары (құрылтайшылар) айқындайды.

8. Мемлекеттік емес білім беру ұйымдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеуді олардың құрылтайшылары немесе соған уәкілдік берілген адам айқындайды.

Ескерту. 40-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен , 2004.07.09. N 597 Заңымен , 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.05.15. N 253 Заңдарымен.

41-бап. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері, олардың әлеуметтік кепілдіктері

1. Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері білім беру ұйымдарының жарғыларымен, ішкі тәртіп ережелерімен және қызметтік нұсқаулықтармен айқындалады.

2. Педагогтік қызмет атқаратын адамдар педагог қызметкерлер болып е с е п т е л е д і .

3. Білім беру ұйымдары педагог қызметкерлерінің:

1) кәсіптік қызмет үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілуге;
2) білім берудің мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарты сақталған жағдайда педагогтік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін т а ң д а у ғ а ;

3) ғылыми зерттеулер тақырыбын және олардың нәтижелерін педагогикалық практикада пайдалану нысандарын еркін таңдауға;

4) оқу орнын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

5) жұмыстан қол үзе отырып, құрылтайшының қаражаты есебінен бес жылда бір рет ұзақтығы төрт айдан аспайтын уақытта өздерінің біліктілігін арттыруға;

6) санатын көтеру, қызметінде өсу мақсатында мерзімінен бұрын а т т е с т а т т а л у ғ а ;

7) жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру мекемелерінің педагог қызметкерлері мен оларға теңдестірілгендер үшін ұзақтығы күнтізбелік 56 күнге; әдістемелік қызмет орындарының қызметкерлері, мектепке дейінгі және мектептен тыс ұйымдардың педагог қызметкерлері үшін - күнтізбелік 42 күнге а қ ы т ө л е н е т і н д е м а л ы с а л у ғ а ;

8) жеке педагогикалық қызметке;

9) өзінің кәсіптік абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;

10) білім беру ұйымдары мен олардың қызметкерлерінің білім беру және экономикалық қызметінің көзі болып табылатын материалдық активтер (ғылыми, әдістемелік еңбектер, патенттер, бағдарламалық қамтамасыз ету, білім беру және ақпарат технологиялары және басқалар) нысанындағы интеллектуалдық меншігін меншіктің басқа түрлерімен бірдей қорғауға;

11) білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым ж а с а у ғ а ;

12) педагогикалық қызметтегі табыстары үшін материалдық және моральдық жағынан көтермеленуге, ордендермен және медальдармен, құрметті атақтармен, белгілермен және грамоталармен марапатталуға құқығы бар.

4. Мемлекеттік білім беру ұйымдары педагог қызметкерлерінің:

1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тұрғын үй алуға;

2) ауылдық (селолық) жерлерде тұрып жұмыс істейтіндер - жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша бюджет қаражаты есебінен жергілікті өкілді органдар белгілейтін мөлшерде коммуналдық қызмет көрсету мен отын шығындары бойынша жеңілдіктер (ақшалай өтемдер) алуға;

3) жеке меншігінде малы барлардың жемшөппен, малын жаюға және шөп шабуға арналған жер учаскелерімен ауыл шаруашылық ұйымдарының қызметкерлерімен бірдей қамтамасыз етілуге құқығы бар.

4-1. Селолық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагогикалық қызметкерлеріне жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша, қызметтердің осы түрлерімен қала жағдайында айналысатын педагогикалық қызметкерлердің ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес процентке жоғарылатылған айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгіленуі мүмкін.

5. Педагог қызметкерлерді олардың негізгі қызметіне тән емес қызметтерді атқаруға қызметкерлердің өз келісімінсіз тартуға жол берілмейді.

6. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының эксперимент режимінде жұмыс істейтін педагог қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қосымша ақы төленеді.

7. Педагог қызметкерлер:

1) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тиісті мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттарында көзделген деңгейден төмен емес білім, шеберлік және дағды алуын қамтамасыз етуге;

2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке және шығармашылық қабілеттерін ашып, оны дамытуына жәрдемдесуге;

3) өз біліктілігін арттыруға;

3-1) кемінде бес жылда бір рет аттестаттаудан өтуге; <*>

4) педагогтік әдеп нормаларын сақтауға;

5) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің қадір-қасиетін құрметтеуге;

6) салауатты өмір салтын жүргізіп, оны білім алушылар, тәрбиеленушілер арасында насихаттауға міндетті.

Ескерту. 41-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1999.11.22. N 484 Заңымен , 2001.06.11. N 207 Заңымен , 2004.07.09. N 597 Заңымен , 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

42-бап. Еңбек қатынастары және білім беру ұйымы басшысының жауапкершілігі

1. Қызметкер мен білім беру ұйымының еңбек қатынастары еңбек шартымен реттеледі. Еңбек шартының талаптары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына қайшы келмеуге тиіс.

Жоғары оқу орындарындағы ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің (профессорлық-оқытушылық құрамның, ғылыми қызметкерлердің) лауазымдарға орналасуы конкурстық негізде жүзеге асырылады.

2. Білім беру ұйымының басшысы:

1) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымдары қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;

2) өзінің құзыретіне жатқызылған міндеттерді орындамағаны;

3) мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандартының талаптарын

о р ы н д а м а ғ а н ы ;

4) тәрбиеленушілердің, білім алушылардың және білім беру ұйымы қызметкерлерінің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығы;

5) қаржы-шаруашылық қызметінің жай-күйі, соның ішінде материалдық және ақша қаражаттарын нысаналы пайдаланбағаны;

б) нормативтік құқықтық актілерде көзделген өзге де тәртіп бұзушылықтар үшін заңдарда белгіленген тәртіппен жауап береді.

Ескерту. 42-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен , 2004.07.09. N 597 Заңымен , 2007.05.15. N 253 Заңдарымен.

6-тарау. Білім беру экономикасы

43-бап. Білім беру ұйымдарын қаржыландыру

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының:

1) жалпы орта және кәсіптік бастауыш білім алуына - мемлекеттік білім беру мекемелерін ұстауды бюджеттен қаржыландыру;

2) кәсіптік орта білім алуына - 10-11 (12) сыныптардың жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқу кезеңінде бір оқушыға шаққанда бюджеттік қ а р ж ы л а н д ы р у ;

3) кәсіптік орта, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім алуына - мемлекеттік білім беру тапсырысы мемлекеттік кепілдіктердің негізі б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Мемлекет жыл сайын білім беруге, оның басымдығын ескере отырып, бюджет қ а р а ж а т ы н б ө л е д і .

3 . < * >

4. Мемлекеттік білім беру ұйымдарын қаржыландыру білім беру деңгейлері бойынша жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік стандарттармен белгіленген талаптарды сақтау арқылы және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленетін ақшалай және заттай нормаларды, сондай-ақ еңбекке ақы төлеу нормаларын ескере отырып, бюджет қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

Шағын жинақталған мектептерді қаржыландыру ісінде білім алушылар санына қатысы жоқ шығындар ескерілуге тиіс.

Өзге қаржылық және материалдық түсімдерді, оның ішінде валюталық түсімдерді мемлекеттік білім беру мекемелері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен пайдаланады.

5. Мемлекеттік емес білім беру ұйымдарын қаржыландыру білім беру қызметін сату, құрылтайшылардың қаражаты және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік аттестаттаудан өткен кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беретін мемлекеттік емес ұйымдар конкурстық негізде мемлекеттік білім беру кредитін немесе гранттарын алған адамдарды оқуға

кабылдау жолымен мемлекеттік білім беру тапсырысын орындауға қатыса алады.

Ескерту. 43-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен , 2004.07.09. N 597 Заңымен , 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

44-бап. Білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасы

1. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жасау мен дамыту бюджет қаражаты мен осы Заңда белгіленген өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

1-1. Түзеу мекемелерінде міндетті жалпы орта және бастауыш кәсіптік білім беру үшін үй-жайларды ұстауға және жарақтандыруға байланысты шығыстарды қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органы жүзеге асырады.

2. Білім беру ұйымдарының мүлікті өз жарғыларында белгіленген тәртіппен иеленуге және пайдалануға құқығы бар.

3. Жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беретін мемлекеттік ұйымдардың құрылымын өзгерту мен оларды жекешелендіру, білім беру қызметінің бейіні сақталмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органымен келісе отырып жүргізіледі.

4. Мемлекеттік емес білім беру ұйымдарын қолдау мақсатында оларға мемлекеттік білім беру ұйымдарының босатылған үйлері мен тиісті материалдық базасы заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органымен келісе отырып, жекешелендіру жолымен берілуі мүмкін.

Ескерту. 44-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

45-бап. Білім беру ұйымдарының кәсіпкерлік қызметі

1. Білім беру ұйымдары жарғыға сәйкес кіріс келтіретін қызметпен айналыса алады.

Қызмет көрсетулердің бағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

Білім беру ұйымы осы қызметтен түсетін кірісті бөлу тәртібін өз жарғысына сәйкес дербес белгілейді.

2. Ақылы қызмет көрсетулерді бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметінің орнына көрсетуге болмайды.

3. Мемлекеттік білім беру мекемелері мынадай:

- 1) қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқыту;
- 2) арнаулы курстар мен пән циклдарын қосымша оқыту;

3) жекелеген білім алушылармен оқу жоспары бойынша сағат санынан тыс пәндер бойынша жеке тәртіппен қосымша сабақтар өткізу;

4) оқушылардың пәндерді қосымша тереңдетіп зерделеуі (мемлекеттік жалпы міндетті стандарттардың тиісті білім беру бағдарламалары шеңберінен тыс);

5) балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған қосымша дене шынықтыру-сауықтыру бағдарламалары;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, соның ішінде мектеп жанындағы лагерьлерде ұйымдастыру;

7) үйірме қызметін ұйымдастыру (базистік оқу жоспары шеңберінен тыс);

8) білім алушылар арасында спорттық және мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізу, төрешілік жасау, медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асыру, спорттық және мәдени-көпшілік іс-шараларға қатысушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру;

9) мәдениет пен өнер саласындағы жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларының біліктілігін арттыру;

10) кәсіптік бастауыш білімі бар мамандарды қайта даярлау;

11) музыкалық аспаптарды, техникаларды және басқа да жабдықтарды пайдалануға беру;

12) мемлекеттік білім беру мекемелерінің энергиялық қондырғылары мен қазандықтарынан берілетін жылу энергиясын жіберу;

13) оқу-қосымша, оқу-тәжірибе, қосалқы учаскелер мен шаруашылықтардың өнімдерін өндіру және сату;

14) оқу-әдістемелік әдебиетті сату;

15) білім алушыларды тамақтандырумен қамтамасыз ету;

16) Интернет-байланыс қызметін көрсету бойынша ақылы қызмет көрсетулер ұсынуға құқылы.

Мемлекеттік білім беру мекемелерінің ақылы қызмет көрсетулерінің тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

4. Мемлекеттік емес білім беру ұйымының білім беру қызметін, соның ішінде білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарттары шегінде іске асырғаны үшін ақы алуға құқығы бар.

5. Ақылы қызмет көрсетулерді ұсынудың тәртібі мен шарттары білім беру ұйымы мен білім алушының (оның заңды өкілдерінің) арасында жасасылатын ақылы қызмет көрсетулер шартында белгіленеді, оның үлгілік нысанын Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекітеді.

6. Жеке педагогтік қызмет кәсіпкерлік ретінде қарастырылады, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда мемлекеттік тіркелуге жатады.

Жеке педагогтік қызмет лицензияланбайды.

Ескерту. 45-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.07.04. N 150 Заңымен.

7-тарау. Білім беру саласындағы халықаралық қызмет

46-бап. Халықаралық ынтымақтастық

1. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастығы Қазақстан Республикасының заңдары және халықаралық шарттар, келісімдер, конвенциялар негізінде жүзеге асырылады.

2. Білім беру ұйымдарының өз жұмыстарының ерекшеліктеріне сәйкес шетелдік білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен тікелей байланыстар орнатуға, ынтымақтастық туралы екі жақты және көп жақты шарттар жасасуға, білім саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (қауымдастықтарға) кіруге құқығы бар.

3. Қазақстан Республикасында халықаралық және шетелдік оқу орындарын, шетелдік білім беру ұйымдарының филиалдарын құру халықаралық шарттар мен мемлекетаралық келісімдер негізінде, сондай-ақ білім беру саласындағы орталық атқарушы органдардың арасындағы шарттардың (келісімдердің) негізінде жүзеге асырылады.

Жоғарыда аталған білім беру ұйымдарының жарғыларын құрылтайшы елдердің Үкіметтері (уәкілетті органдары) бекітеді.

4. Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық оқу орындарының және басқа мемлекеттер немесе олардың заңды және жеке тұлғалары құратын оқу орындарының, шетелдік оқу орындары филиалдарының білім беру қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес лицензияланады.

Бұл білім беру ұйымдарын аттестаттауды құрылтайшылар құратын бірлескен комиссиялар өткізеді.

5. Аталған білім беру ұйымдары мен олардың филиалдары бітірушілерге:

1) егер олардағы оқу процесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттары негізінде ұйымдастырылса, Қазақстан Республикасында қабылданған;

2) егер оқу процесі тиісті мемлекеттердің білім беру бағдарламалары бойынша жүргізілсе, сол мемлекетте қабылданған білім беру туралы құжаттар береді. Бұл жағдайда білім туралы алынған құжаттар Қазақстан Республикасында нострификациялануға тиіс.

6. Қазақстан Республикасы азаматтарының шет мемлекеттердің зайырлы оқу орындарында оқуға, даярлануға, біліктілігін арттыруға, қайта даярлаудан және тағлымдамадан өтуге құқығы бар. Бұл құқық білім алушылармен, білім беру ұйымдарымен, өзге де заңды тұлғалармен Қазақстан Республикасының заңдарына, халықаралық шарттар мен нысаналы бағдарламаларға сәйкес

жасалатын тікелей шарттар бойынша іске асырылады.

7. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында, халықаралық шарттарда, келісімдерде белгіленген тәртіппен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарымен жасалған келісім-шарттар бойынша білімге және педагогтік қызметпен айналысуға құқықты Қазақстан Республикасының азаматтарымен тең п а й д а л а н а д ы .

Ескерту. 46-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен .

47-бап. Шетелдегі қазақ диаспорасының білім алуға деген қажеттерін қанағаттандыру

1. Мемлекет шетелдегі қазақ диаспорасының білім алуға деген қажеттерін қанағаттандыруға жәрдемдеседі.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдардың Қазақстан Республикасында білім алуға құқығы бар.

3. Шетелдегі қазақ диаспорасына арналған білім беру ұйымдарын құру және оған қаржылық-материалдық көмек көрсету халықаралық шарттарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 47-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2001.06.11. N 207 Заңымен .

48-бап. <*>

Ескерту. 48-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 597 Заңымен .

8-тарау. Білім беру саласындағы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

49-бап. Білім беру саласындағы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

Білім беру саласындағы заңдардың бұзылуына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

9-тарау. Өтпелі ережелер

50-бап. Осы Заңды күшіне енгізу

1. 40-баптың 1999 жылғы 1 қыркүйектен бастап күшіне енгізілетін 4-тармағын қоспағанда, осы Заң жарияланған күннен бастап күшіне енгізіледі.

2. Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқитын және осы Заң күшіне енгізілгенге дейін стипендия алуға құқығы бар білім алушылар оқу орнын бітіргенге дейін бұл құқығын бұрынғы тәртіппен сақтайды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК